

«МЕДИЦИНАДА
ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ
ҮЛЕСІН АРТТЫРУ
МАҢЫЗДЫ»

– Асылбек Бақытбекұлы, әңгімемізді қалалық аурухананың жұмысынан бастасақ. Қарап отырсам аурухананың сыртқы және ішкі келбетінде оң өзгерістер көп сияқты...

– Мен өзім осы ауруханаға 2007 жылы жұмысқа орналасқаннан бері он сегіз жыл өтті. Жылдан жылға медицина дамып келеді. 2021 жылы мемлекеттік бюджеттің қаржыландыруымен аурухананың «А» корпусы толық күрделі жөндеуден өтіп, пайдалануға берілген болатын. Ал, 2024–2025 жылдары «А1» корпусына күрделі жөндеу жұмыстары ауыспалы кезеңмен жүргізіліп жатыр, жұмыстардың толық аяқталу мерзімі 2025 жылдың желтоқсан айына жоспарланған. Облысқа жақын қала болғандықтан өзге өңірлерге қарағанда біздің қаламызда тұрғындар саны көп. Халықтың денсаулығын жақсарту және оларға сапалы медициналық қызметтер көрсету үшін заманауи денсаулық мекемесі аса қажет. Біз медицина саласының инфрақұрылымын жақсартып отырып, тұрғындарға қолайлы жағдай жасай аламыз. Түркістан облыстық денсаулық сақтау басқармасына қарасты қалалық ауруханада 514 қызметкер жұмыс істейді. 1984 жылы соғылған ғимараттың жалпы ауданы – 9695,33 шаршы метр. Ал жалпы аумағы 35 637 шаршы метрді құрайды. Біздің аурухана қызметіне Кентау қаласы мен оған іргелес елді мекендердің 100 мыңға жуық тұрғыны жүгінеді. Кентау орталық қалалық ауруханасы жылына 13-14 мың науқасқа сапалы жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсетуде.

2023 жылдың мамыр айында нысан аккредитациядан өткізіліп, «Ұлттық аккредиттеудің 1-ші санаты» алынды. 313 төсек орын бар. Оның ішінде 45 төсектік инфекциялық аурулар бөлімі бар. Күндізгі стационар және ақылы бөлім қызмет етеді. Біздің мамандандырылған медициналық ұйым 12 бөлімшеден құралған.

(Жалғасы 6-бетте)

(Жалғасы 4-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТУҒАН КҮНІҢМЕН,
АЛМАТЫ!



Алматы туған күнін биыл әдеттегі мерекелік отшашудан гөрі тұрғындардың күнделікті өмірін жақсартатын игі істермен атап өтті. Қала басшылығы мерекеге дайындықты шағын, бірақ мәнді өзгерістерден бастады: Алмалы ауданында аулалар жаңарып, Жетісу ауданында Алматыдағы тұңғыш инклюзивті балалар алаңы ашылды.

БАСТАМА

БОРЫШКЕРЛЕРДІ «ЦИФРЛЫҚ БАҚЫЛАУ»
АРҚЫЛЫ ІЗДЕУГЕ БОЛАДЫ



Әділет министрлігі, Жеке сот орындаушыларының республикалық палатасы және Бас прокуратура бірлесіп борышкерлерді анықтаудың тетіктерін дамыту бойынша «Цифрлық бақылау» жүйесінің мүмкіндіктерін кеңейтті.

Қазіргі таңда Бас прокуратураның «Цифрлық бақылау» жүйесі арқылы қарызын төлеуден жалтарып жүрген азаматтарды тек қала көшелері мен қоғамдық орындарда ғана емес, әуежайларда, теміржол және метро нысандарында, әлеуметтік маңызы бар ғимараттарда да анықтау мүмкіндігі іске қосылды. Сонымен қатар, борышкерлер халыққа қызмет көрсету орталықтарында мемлекеттік қызметтерді алу кезінде немесе әуе және теміржол билеттерін сатып алу барысында деректер базасы арқылы автоматты түрде бет-бейне сәйкестендіру арқылы анықталуда.

Мәліметтерге сәйкес, 2024 жылдың қаңтар айынан іздеуде жүрген борышкерлер саны 4560 адамды құрады. Оның ішінде 2118 тұлғаның тұрғылықты мекенжайы анықталып, жалпы анықтау көрсеткіші 39,3% болды. Бұған қоса, аталған жүйе арқылы борышкерлерге тыйым салынған автокөліктерді іздестіру

мүмкіндігін іске асыру жұмысы жүргізілуде. Мұндай шаралар Бас прокуратура, Әділет министрлігі және Жеке сот орындаушылардың республикалық палатасының өзара ынтымақтастығы аясында жүзеге асырылуда.

Қалалық бейнебақылау камералары мен жасанды интеллект құралдарының көмегімен анықталған, пайдалануға тыйым салынған көліктер полиция қызметкерлерінің қатысуымен тоқтатылып, арнайы бекітілген тұрақтарға жеткізіледі. Одан әрі заң талабына сәйкес сот актілерін толық әрі уақытылы орындауды қамтамасыз етеді.

Аталған шаралар өндіріп алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, сондай-ақ сот шешімдерінің орындалу тиімділігін арттыруға бағытталған.

Әділет министрлігінің
баспасөз қызметі

2-бет

Отбасы – сыйластық,
жарастық орнаған орта

5-бет

Жасанды интеллект
құқықтық жүйеге жаңа
серпін береді

8-бет

РЕЦЕПТ

ПӘРМЕН

СОТ ШЕШІМІ ОРЫНДАЛМАСА, ӘДІЛЕТТІЛІКТІҢ МӘНІ ЖОЙЫЛАДЫ

Қоғамдағы тәртіп пен әділеттілікті қамтамасыз етудің басты тетіктерінің бірі – сот актілерінің орындалуы. Сот шешімі шыққан соң ол міндетті түрде орындалуы тиіс. Өйткені сот қаулысы немесе үкімі – жай ғана кеңес емес, заң күші бар құжат. Егер азаматтар немесе ұйымдар соттың заңды актілерін орындамаса, ол мемлекеттің құқықтық тәртібіне үлкен қауіп төндіреді.

Кейде адамдар сот шешімін орындауды созып жүреді немесе әдейі орындамайды. Мысалы, қарызын қайтару туралы шешім шықса, борышкер әдейі уақытты өткізіп, сот орындаушыларына кедергі жасайды. Немесе әкімшілік құқық бұзушылық үшін белгіленген айыппұлды төлеуден жалтарады. Осындай жағдайда мемлекет арнайы жауапкершілік шараларын қолданады.

Қазақстан заңнамасында сот актілерін орындамағаны үшін түрлі жауапкершілік түрлері қарастырылған. Ең алдымен, әкімшілік жауапкершілік бар. Егер азамат сот шешімін орындамаса, оған айыппұл салынады немесе белгілі бір мерзімге әкімшілік қамауға алынады. Бұл – орындауға міндеттендіретін шаралардың бірі.

Ал егер заңды тұлға – яғни мекеме немесе кәсіпорын сот актісін орындаудан жалтарса, онда оған

да айыппұл салынады. Сонымен бірге ұйым басшысы жеке өзі де жауапқа тартылуы мүмкін. Өйткені сот актілерін орындау – тек қарапайым азаматтардың ғана емес, барлық мекемелердің міндеті.

Кейбір жағдайларда сот актісін орындамау қасақана жасалған болса, мәселе қылмыстық жауапкершілікке дейін барады. Мысалы, сот шешімін орындаудан әдейі жалтару, сот орындаушысының талабына бағынбау, орындау барысына кедергі келтіру қылмыстық заң бойынша жазаға әкелуі мүмкін. Мұндайда айыппұлдан бөлек, бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру жазасы да тағайындалады.

Бұл тетіктердің барлығының түпкі мақсаты – қоғамда заңның үстемдігін орнату. Егер сот шешімі орындалмаса, онда әділеттіліктің мәні жойылады. Сондықтан мемлекет сот актілерін орындауға ерек-



Р.ШАМШИЕВ,
Қызылорда қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының төрағасы

ше мән береді. Азаматтар да өз құқықтарын қорғау үшін сотқа жүгінген кезде, оның шешімі орындалатынына сенімді болуы керек. Қарапайым тілмен айтқанда, сот шешімін орындамау – жол қозғалыс ережесін бұзумен тең. Егер әркім қалағанын істеп, соттың айтқанын орындамаса, қоғамда бейберекет тірлік пайда болады. Ал жауапкершілік шаралары – тәртіпті сақтау үшін қойылған заңды тосқауыл.

Сот актілерін орындау – тек заң талабы ғана емес, азаматтық мәдениеттің де көрсеткіші. Әрбір тұлға өзінің міндетін орындап, сот шешімін уақытылы атқарса, қоғамдағы әділдік те нығаяды. Ал орындамаған жағдайда заңның қатаң тетіктері іске қосылып, кінәлі адам міндетті түрде жауап береді.



БАҒДАР

ОТБАСЫ – СЫЙЛАСТЫҚ, ЖАРАСТЫҚ ОРНАҒАН ОРТА

Отбасы – адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереді. Отбасы – баланың азамат болып өсуінің негізі.

Жеке адамның бойындағы ар-ұяты, ақыл-ойы, адамгершілігі, басқа адамдармен қарым-қатынаста, мәдениеттілікті тәрбиелеуде отбасы – алғашқы қадам. Сондықтан отбасы – өте қажетті, басқадай ешнәрсемен өзгертуге болмайтын баспалдақ. Отбасы – сыйластық, жарастық орнаған орта. Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы.

Отбасының ең маңызды қызметтерінің бірі – тәрбиелеушілік міндеті, оны қоғамдық тәрбиенің ең тиімді деген жүйесі де алмастыра алмайды. Оның негізгісі – баланы өмірге келтіру ғана емес, сонымен бірге оған әлеуметтік-мәдени ортаның құндылығын қабылдаттыру, үлкен ұрпақтың тәрбиесін жас ұрпаққа жеткізу, бойына сіңірту, яғни, балаларын өздерін қоршаған ортаға және қоғамға пайдалы азамат етіп өсіру – әке-шешенің ең маңызды міндеті.

Ата-ананың, басқа да отбасы мүшелерінің өмір сүру тәжірибесі, жүріс-тұрысы, өз міндеттерін таза атқаруы, бір-бірін құрметтеп сыйлауы – бәрі де үлкен мектеп, тәрбиелік мәселе. Қазақ халқының отбасы тәрбиесіндегі өзіне тән жарасымдылықтың құлдырауына байланысты қоғамда бірқатар керітартпа әрекеттің пайда бола бастағанын байқауға болады.

Отбасы – баланың әлеуметтенуінің алғашқы факторы. Толық

емес отбасында бұл процесс отбасының қалыпты құрылымының жоқтығынан өзгереді. Жүргізілген зерттеулердің нәтижесіне сүйенсек, кішкентай бүлдіршіндер ата-анасының ажырасуы салдарынан психологиялық зардап шегеді. Ерлі-зайыптылар арасында туындаған кикілжіңдер салдарынан балалар депрессияға ұшырайды және дамуы кешеуілдейді. Осылайша ажырасу фактісі баланы ауыр психологиялық салдарға (құқық бұзушылыққа, суицидке, өз-өзіне сенімсіздікке) душар етеді.

Толық емес отбасының проблемасы – баланың әлеуметке бейімделуіне теріс әсер етеді. Қоғам ішін жегі құртша кемірген бұл мәселе қатаң шаралар қабылда- нып, дер кезінде шешімін таппай,

осылай жалғасын таба беретін болса, өте қиын. Сондықтан ұлттық құндылықтарды қастерлеудің заңдық жауапкершілік нормасын енгізу бүгінгі күннің талабы деп есептеймін.

Біздің қоғамда отбасы рухани және мәдени дәстүрлердің сақтаушысы, ұрпақтар сабақтастығының жалғастырушысы болып табылатын ұлттық құндылық. Шаңырақтың шайқалуы, яғни, ерлі-зайыптылардың ажырасуы – тек сол отбасы үшін моральдық зардап қана емес, ел демографиясына төнген қатер деп қабылдануы керек. Соған орай осы мәселенің заңдылық өлшемін, қоғамдық жауапкершілігін нақты айқындау қажет деп есептеймін.

Н.ӨМІРБАЙ,
Түркістан облысы
кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы



ТАҒЫЛЫМ

«Қазақ даласындағы сот билігінің мұраты – сот процесіне қатысушылардың «жеңуі» не «жеңілуінде» емес, екі жақтың «жеңілдеп» шығуында еді» делінген 1998 жылғы Қазақстан Жоғарғы Соты туралы кітапта.

БҮГІНГІ СУДЬЯЛАР – КЕШЕГІ БИЛЕР ЖАЛҒАСЫ

Осы еңбекте жазылған сот төрелігі бойынша тарихқа үңілсек, қазақ қоғамына біртұтастықты да-рытып, ынтымақ орнатқан ежелгі ережелердің үлгілі нұсқасы, халықтың тәртіп, салт-дәстүрінің жүйелі жиынтығы – «Жеті жарғы-да», «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» секілді ежелгі құжаттарда жинақталған. Бұл құжаттардан мемлекет басқа-ру мен ел билеудің жан-жақты ба-йыпталған ұлы мұра екенін көруге болады.

Қазақ ұлысының да өзіне тән заң ережелері, сот ісінің озық үл-гісі болғаны белгілі. Билер соты құқықтық нормалардың негізі. Еліміздегі билер сотының Майқы би-ден бастау алатыны, содан бері қа-зақ елінде қалыптасқан билер бітімі әр кезеңдегі мемлекеттік құрылым

– жүйеге қарай дамып, өркендеп отырғаны тарихтан мәлім. Қандай қиын кезеңдерді бастан кешірсе де, қазақ халқы сот билігінің туын түсірмеген, «Би» – бүгінгі тілмен айтқанда судья. Қазіргі судьялар – ел қамқоры, халық жанашыры және ақылшысы.

Билер дәстүрін жалғастырған бү-гінгі қазыларға жүктелген міндет те, артылған жауаптылық та үлкен. Осы талаптарды мінсіз сақтап отыр-ған қазылар – қазақстандық соттың беделін биіктетуші.

Жаңылхан ЖҮСІПОВА,
Маңғыстау облысы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы

СОТ ІС ҚАРАДЫ

НАУҚАСТЫҢ ТАЛАБЫ ҚАНАҒАТТАНДЫРЫЛДЫ

Ақмола облыстық сот алқасында азаматша Н.-ның көпсалалы облыстық ауруханадан моральдық зиянның өтемақысын өндіріп алу туралы талап қоюы бойынша азаматтық іс қаралды. Алқа барысында келесі мәселе анықталды.

Азаматша Н. 2018 жылы облыстық онкологиялық диспансерде есепке тұрған. Жедел емдеу шаралары жүргізіліп, терапияның 26 курсын өтеді. 2020 жылы сәулелік терапияны жүргізу орынсыз деп танылып, томография тағайындалған. Зерделеу барысында метастазалар анықталмаған, соған орай гормондық терапия тағайындалған. Ал 2021 жылы Н.-ның басқа қа-лаға көшуіне байланысты есептен шығарылған. 2024 жылы талапкерге ішкі ағзаларды жедел емдеу қажет болғандықтан, тексерілу кезінде метастаза-лар көрініп, сәулелік терапия жүргізілмегені анықталды.

Медициналық көмек көрсету сапасына қатысты Н.-ның шағымы негізінде Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің департаменті тексеру жүргізіп, бірқатар құқық бұзушылықтарды анықтады. Айталық тексе-ру барысында науқасты динамикалық бақылау және аурудың сатысын анықтау қолға алынбаған, онкомаммологқа жіберілмеген, науқасты емдеу реті бұзылып, динамикалық бақылау болмаған. Соның салдарынан сәулелік терапиямен уақытылы емдеу мерзімі өтіп кеткен. Осылайша медициналық көмектің тиісінше көрсетілмеуі салдарынан зиянды көрсеткіштер орын алған.

Алқа қаулысымен Н.-ның моральдық зиянды өтеу туралы талап қоюы қанағаттандырылды. Көпсалалы облыстық ауруханадан Н.-ның пайдасына 1,5 млн теңге моральдық зиян өтемақысы өндірілді. Сот актісі заңды күшіне енді.

Ақмола облыстық сотының баспасөз қызметі

ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК

«ӘКЕ БАЛАСЫН ТӘРБИЕЛЕЙДІ, АНА ҰЛТТЫ ТӘРБИЕЛЕЙДІ»

Гендерлік саясат «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» және «Тұр-мыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заңдармен реттеледі.

Гендер – ерлер мен әйелдер арасындағы қатынастардың өмірдің барлық салаларында көрініс табатын әлеуметтік қыры. Ал гендерлік теңдік – қай жынысқа жататынына қарамастан, ерлер мен әйелдердің тең құқықтарын, тең мүмкіндіктері мен саяси, экономикалық, әлеуметтік, қоғамдық және мәдени өмір салаларына қатысуға нақты қолжетімділігін қамтамасыз ететін құқықтық мәртебе. Демократиялық және құқықтық мемлекетті бекітуде Қазақстан әйелдерінің рөлі ерекше. «Әке баласын тәрбиелейді, ана ұлтты тәрбиелейді» деген қазақ мақалы бекер айтылмаған.

Қазақстанда демографиялық өсімді қамтамасыз етуде әйелдердің үлесі-не баға жетпейді, себебі, балалардың туылуы, олардың тәрбиесі аналардың мойнында. Сонымен қатар олар өмірлік маңызды салаларда еңбек етеді, мемлекеттік басқару жүйесінің көп бөлігі нәзік жандылар еншісінде. Әйел отбасы құндылықтарының мүддесін қорғайды. Күнделікті және байқалмай-тын отбасы туралы қамқорлық, өз жанұясы үшін жан жайлылығын жасау, жайлы жағдай және амандық – бұлардың барлығы әрбір әйел үшін абзал міндет. Алайда бұл әйелдің мойнына барлық ауыртпалықты жүктеу дегенді білдірмейді, ең алдымен, ол – бүгінгі күні ескірген түсінікті өзгертетін және ерлермен тең дәрежеде өз мақсаттарына лайықты қол жеткізуші адамзат-тың тамаша жартысы.

Біздің елімізде гендерлік саясаттың талаптарын орындау мақсатында әй-елдердің ерлермен тең қатысуы, өз бизнесін дамыту және қызмет бабымен көтерілу, отбасындағы тең құқықтарды шешуге, т.б құқықтарды жүзеге асыруға толық мүмкіндік жасалған.

Гендерлік саясат статус, атақ пен мансап емес, азаматтардың жасына, жынысына, әлеуметтік жағдайына, білімі мен білігіне қарамастан тең баға-ланып, тең мүмкіндікке ие болуымен сабақтас.

Г.ЕСЖАНОВА,
Шалқар аудандық соты әкімшісінің бас маманы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

«АСТАНА – ЕСІРТКІСІЗ ҚАЛА»

«КӨҢІЛДІ СТАРТ» САЙЫСЫ ӨТТІ

Астана қалалық прокуратура мен Полиция департаментінің үйлестіруімен ұйымдастырылған есірткі қылмысына қарсы айлық жалғасып жатыр. «Осыған орай Алматы ауданында «Астана – есірткісіз қала» ұранымен колледж студенттері арасында «Көңілді старт» спорттық сайысы өтті», – деп хабарлайды елорда әкімдігінің ресми сайты.



Шара әл-Фараби атындағы оқушылар сарайында өтті. Іс-шараның басты мақсаты – жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау және оларды зиянды әдеттерден, әсіресе есірткіден аулақ болуға шақыру.

Алматы ауданы прокуратурасы басшысының орынбасары Жолдас Асқаровтың айтуынша, мұндай шаралар есірткіге қарсы күрестің жүйелі әрі үздіксіз түрде жүргізілуі үшін аса маңызды.

– Қыркүйек айынан бастап есірткіге қарсы күрес жоспары аясында осындай шара ұйымдастырылып жатыр. «Көңілді старттан» бөлек, өзге де спорт түрлерін қамтитын боламыз. Алдағы уақытта қаламыздың басқа да аудандарында осы іс-шара жалғасады. Себебі, есірткіге қарсы күрес жүйелі, тоқтаусыз түрде өтуі тиіс. Бүгінгі жарыс арқылы әртүрлі

колледжден келген қатысушылар жарыс атмосферасын сезініп қана қоймай, жаңа достар табуына септігін тигізбек», – деді ол.

Спорттық жарыс бес кезеңді қамтыды. Қатысушылар таяқшамен жүгіру, баскетбол добын беру, секіртпемен жүгіру, әріптерден сөз құрастыру және командамен жүгіру сынды түрлі сайыстарда өзара бақ сынасты. Шараға Алматы ауданындағы 20-ға жуық колледж студенттері қатысып, «Сана», «Тұлпар», «Феникс» сынды командалар жарыс көрігін қыздырды.

Жиын соңында барлық қатысушыларға медаль мен мақтау қағаздары табысталды. «Заң және тәртіп» қағидаты негізінде ұйымдастырылып жатқан бұл бастамалар аясында алдағы уақытта оқу орындарында профилактикалық кездесулер, бірлескен рейдтер және

тыйым салынған заттарды тарататын интернет-ресурстарды анықтау жұмыстары да жалғасатын болады.

Астана қаласы әкімдігінің Спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясының өкілі Шалқар Қайыржанның айтуынша, алдағы уақытта тағы бірнеше аудан бойынша осындай спорттық эстафеталар өткізілмек.

Бұл есірткіге қарсы айлық аясында өткізілген бір ғана шара. Дегенмен, бір айдың бедерінде атқарылған, тындырылған іс көп. Мәселен, апта сайын түрлі форматтағы рейд жұмыстары жүргізіліп келеді. Вокзалдар мен тауар жеткізу пункттері тексеріліп, адамдар көп шоғырланған аймақтарда түсіндірме жұмыстары жүргізілді. «Мұндай шаралардың маңызды ерекшелігі – олардың профилактикалық сипаты. Бұл тек құқық бұзушылықтарды анықтауға ғана емес, сонымен қатар нарық қатысушыларының, логистикалық компания өкілдері мен қарапайым азаматтар арасындағы жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған», – дейді ұйымдастырушылар. Бұдан бөлек, тыйым салынған тауар айналымын, еліткіш заттардың бизнесінің жолын кесуге жастар да бейіл. Айтайық, айлық аясында белсенділер қала аумағындағы есірткі жарнамасын жойып келе жатыр. Осы тұста Полиция департаментінің бастамасымен «Smart Astana» платформасында «Өтініш жібер – Есірткіге жол жоқ!» қосымшасы іске қосылғанын ерекше айта кету керек. Ол қала тұрғындарына есірткі жарнамасы мен сату орындары туралы жедел хабарлауға мүмкіндік береді. Қорыта айтқанда, бас-аяғы 2025 жылдың басынан бері елордада есірткіге қатысты 797 қылмыстық іс тіркеліп, тыйым салынған жарнамаға байланысты 600-ден астам сайт бұғатталған. Сонымен қатар, қалада 891 адам есірткіге тәуелді ретінде арнайы тіркеуде тұр. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда аздап төмендегенімен, мәселе әлі де өзекті күйінде қалып отыр.

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

МЫҢНАН АСТАМ АЗАМАТҚА ГРАНТ БЕРІЛДІ

Жамбыл облысында биыл кәсіпкерлікті дамыту бағытында әлеуметтік осал топтар санатына жататын азаматтар үшін жұмыссыздықты азайтып, жаңа бизнес ашу мақсатында 1008 азаматқа 400 АЕК немесе 1 572 800 теңге көлемінде қайтарымсыз грант беру жоспарланған болатын. Соған сәйкес гранттың 501-і маусым айында, 507-сі қыркүйек айында берілді. Қолдауға ие болғандардың 682-сі көпбалалылар, 186-сы мүмкіндігі шектеулі азаматтар, 79-ы мүгедек баланы тәрбиелеушілер, 42-сі асыраушысынан айырылғандар, 16-сы атаулы әлеуметтік көмек алушылар, үшеуі қандастар.

Жамбыл облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Еңбек мобильдігі орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директоры Серік Әлібековтің айтуынша, қайтарымсыз грант қаражаты 44 азаматқа мал және құс шаруашылығы бағытында, 100 азаматқа түрлі қызмет көрсету саласында, 56 азаматқа кондитер және нан өнімдері бағытында, 84 азаматқа тігін шеберханаларын ашу бағытында, 31 азаматқа жартылай фабрикалар өндіру бағытында, 8 азаматқа жиһаз өндірісіне, 62 азаматқа өндіріс саласында, 43 азаматқа қоғамдық тамақтану бағытында беріліп отыр. Ол мүгедектігі бар адамдар; қолданыстағы «қандас» мәртебесі бар адамдар; өңіраралық қоныс аударушылар; аз қамтылған отбасы мүшелері; көпбалалы отбасы мүшесі; мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған адам; асыраушысынан айырылу бойынша жәрдемақы алушыларға ғана беріледі. Грант бір-ақ рет беріледі. Грантты: қажетті құрал-саймандарды, еңбек құралдарын, технологиялық жабдықтарды, малдарды, жануарларды, құстарды, көшеттерді, бұталарды, тұқымдарды сатып алуға, орын-жайларды жалға алу ақысын

төлеуге алуға болады. Ол тұтынушылық мақсаттарға, кредиттік қарыздарды өтеуге, жылжымайтын тұрғын үй сатып алуға және салуға, жер учаскелерін сатып алуға, акцизделетін өнімдер өндіруге берілмейді.

«Гранттар Еңбек мобильділігі орталықтары грант алуға үміткерлердің өтініштерін қарау жөніндегі аудандық/қалалық комиссияның шешімі негізінде беріледі. Үміткерлер өз бизнес-жобасын комиссия отырыстарында таныстырды. Бұл ретте комиссияның әрбір мүшесі бизнес-жоспарды бағалайды. Осылайша, грант беру туралы шешім комиссиялық түрде және үміткерлердің бизнес-жобаларының пысықталуын бағалаудың нақты өлшемшарттары негізінде қабылданды. Комиссия шешімі үміткердің порталдағы жеке кабинетіне жіберіледі. Комиссияның оң шешімі болған жағдайда үміткер банк деректемелерін ұсынады, шартқа қол қояды және одан әрі тоқсан сайын қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп береді. Мұның бәрі Еңбек мобильділігі орталықтары мен оның филиалдарына (мансап орталықтарына) бармай-ақ, электрондық форматта жасалады. Грант қаражаттарының нысаналы пайдаланылуын

бақылау Жамбыл облысы Еңбек мобильділігі орталығының мансап орталықтары арқылы жүзеге асырылады», – дейді С. Әлібеков.

Серік Айдарұлының сөзіне қарағанда, үміткердің «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқығаны туралы 3 жылдан аспайтын мерзімге сертификаты болуы тиіс. Электрондық еңбек биржасы – www.enbek.kz порталында жұмыссыз ретінде тіркелуі; skills.enbek.kz платформасында «Бастау Бизнес» жобасы аясында онлайн оқытудан өтуі; Оқыту ұзақтығы – 14 күнтізбелік күн; Оқу өтеусіз, өз бетімен игеріледі; Әр модульден кейін аралық тестілеу өткізіледі; Келесі модульге өту үшін тест сұрақтарының кемінде 70%-ына дұрыс жауап беру қажет. Оқуды аяқтағаны туралы электрондық сертификат алған адам оқуды аяқтағаннан кейін үш жыл өткен соң онлайн оқытудың курсына қайта жіберіледі. Оқуды аяқтау туралы сертификат оны алған күннен бастап үш жыл бойы жарамды. Сұрақтардың жалпы санының 70 пайызынан кем дұрыс жауап алған адамға онлайн оқыту курсы ішінде қорытынды тестілеуден екі реттен артық емес қайта өту мүмкіндігі беріледі. Оқуды тоқтатқан немесе қорытынды тестілеуден өтпеген адамға күнтізбелік жыл ішінде 2 реттен артық емес онлайн оқытуға қайта қатысу мүмкіндігі беріледі. Гранттар қайтарымсыз негізде беріледі, нысаналы мақсаты жаңа бизнесті бастау және дамыту мақсатында.

Қ.ЕРМЕКОВА,
«Заң газеті»

КӨКЕЙКЕСТІ

Тамыз айының басынан бері Қазақстанда азық-түлік бағасының өсуі қарқынды айтарлықтай баяулады. Егер екінші тоқсанда азық-түлік инфляциясы мен азық-түлікке жатпайтын тауарлар мен қызметтер инфляциясының айырмасы 4,6 пайыздық пунктті құраса, бүгінде бұл алшақтық 2,9 пунктке дейін қысқарды.

БҮГІНГІ БАЗАРДЫҢ НАРҚЫ ҚАНДАЙ?

Тек шілде-тамыз айларында азық-түлік бағасының өсуі 1,2 пайыздық пунктке жетті, ал тамызда азық-түлік инфляциясы бар болғаны 0,5% болды. Бұл азық-түлікке жатпайтын тауарлармен салыстырғанда екі есе, ал қызметтермен салыстырғанда үш есе төмен.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына ерекше көңіл бөлінуде. Азық-түлік қоржынына 160 атау кіреді, оның ішінде тек 19-ы мемлекеттік реттеуге жатады. Жыл басынан бері әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының (ЭМАТ) баға индексі 108% құрады, алайда тамыз айында өзгеріссіз қалды, ал қыркүйектің үш аптасында бар болғаны 0,2%-ға өсті. Әсіресе көкөністе оң динамика байқалады. Тамыз айының басынан бері бағаның өсу қарқынын орта есеппен 2,5 есеге төмендету мүмкін болды. Мәселен, шілдеде картоптың келісі 300 теңге болса, бүгінде 184 теңгеден сатылып жатыр. Бұл былтырғы деңгейден де төмен. Сәбіз 295 теңгеден 193 теңгеге, пияз 222 теңгеден 137 теңгеге арзандады. Басқа да негізгі өнімдерге баға тұрақты. Жыл басынан бері сүт өнімдерінің бағасы небәрі 5,3%-ға өсті, бұл қалыпты көрсеткіш болып саналады. Қарақұмық 8,9%-ға қымбаттады, бірақ оның қоржындағы үлесі аз болғандықтан, жалпы индексіне әсері мардымсыз. Бұдан бөлек, рожки, ұн және күріш секілді тауарлар былтырғыдан арзан.

Сонымен қатар, әлеуметтік маңызы бар өнімдер ішінде баға динамикасына сиыр еті ең көп әсер етіп отыр.Бұл өнім дәстүрлі түрде тұтыну қоржынында маңызды үлеске ие және бағаның ауытқуы халық бюджетіне айтарлықтай ықпал етеді. Әсіресе, әлеуметтік маңызы бар тауарлар тізіміне кіретін жауырын-кеуде бөлігі ерекше сұранысқа ие. Ол азық-түлік тауарлары арасынан жалпы тұтыну инфляциясына әсері бойынша бірінші орында тұр – шамамен 2 пайыздық пункт. Жалпы ет бағасының индексі жыл басынан бері 25%-ға жуық болса, сиыр етінің жауырын-кеуде бөлігі 23,6% құрады. Кейбір кезеңдерде өнім өзіндік құнынан да төмен сатылды, бұл азық-түліктің маңызды санаттары бойынша бағаны ұстап тұру шараларының қабылданып жатқанын көрсетеді.

Өзге елдермен салыстыру үшін мына деректерді ұсынамыз. Бүгінде Қазақстанда сиыр етінің жауырын-кеуде бөлігінің бір килограммы орташа бағасы 4 715 теңгені құрайды. Салыстыру үшін: Ресейде 10 180 теңге, Өзбекстанда 5 227 теңге, Арменияда 5 112 теңге, Тәжікстанда 6 070 теңге, Беларусьте 4 480 теңге. Осылайша, өңір елдерінің басым бөлігімен салыстырғанда, Қазақстандағы баға ең қолжетімді деңгейде қалып отыр.

Бағаны тежеу мақсатында 15 мамырдан бастап тірі малды әкелуге тыйым салынды. Бұл баға өсімін баяулатуға мүмкіндік берді.

Егер ақпан-сәуірде өсім айына 3%-ды құраса, мамыр-шілдеде 1,4%-ға дейін түсті. Алайда қазақстандық етке көрші елдерде, әсіресе Өзбекстанда сұраныстың өсуі, сондай-ақ қайта өңделген етті экспорттау мүмкіндігі әкелу көлемінің айтарлықтай өсуіне алып келді. Бүгінде сиыр еті экспорты 27 мың тоннаны құрап, өткен жылғы көрсеткіштен 3,2 есе жоғары болды. Осыған байланысты Үкімет ішкі нарықты толықтыру шараларын қолдады. Жыл соңына дейін сиыр етін экспорттауға квота енгізу туралы шешім қабылданып, тек ет өңдеу кәсіпорындарына ғана сыртқа шығаруға рұқсат берілмек.

Бұған қоса, үш елден ірі қара мал етін импорттауға кедендік бажды нөлге теңестіру бастамасы қарастырылуда, сондай-ақ Ресейден де осындай ұсыныс түсті. Бұл ішкі қажеттілік пен саланың экспорттық әлеуеті арасындағы тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік береді. Өңірлерде азық-түлікке қолжетімділікті арттыру үшін ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері жалғасуда. Жыл басынан бері 3,7 мыңнан астам жәрмеңке өткізіліп, фермерлерге тегін сауда орындары берілді. Бұл артық делдалдарды айналып өтуге және бағаны қолжетімді деңгейде ұстауға көмектеседі. Бұдан бөлек, күнделікті режимде сауда желілерінде және базарларда баға мониторингі жүргізіледі. Соңғы тексерістер нәтижесінде «Анвар», «Смолл» және «Магнум» желілерінде сауда үстемелері нормадан (5–14%) аспайтыны анықталды.

Негізсіз үстемелер мен артық делдалдарға қарсы күрес жұмысы жүріп жатыр. Жыл басынан бері ел бойынша өңірлік комиссиялар 747 отырыс өткізіп, нәтижесінде 345 өнімсіз делдал жойылды. 2 мыңнан астам әкімшілік қаулы шығарылды. Сауда үстемелерін бақылау аясында министрліктің аумақтық департаменттері 2,6 мыңнан астам қаулы қабылдады, оның ішінде 1,5 мыңы – жалпы сомасы 56,5 млн теңгені құрайтын айыппұл, 1,2 мыңы – ескерту. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті сауда үстемесін асыру деректері бойынша ғана 2,2 мың қаулы рәсімделді, оның ішінде 1 мыңы – 39,6 млн теңге айыппұл, 1,2 мыңы – ескерту. Бұған қоса белсенді аналитикалық жұмыс жүргізілуде. 2025 жылдың басынан бері шамамен 9 мың баға қалыптастыру тізбегі талданып, 823-ке жуық бұзушылық қаупі анықталды. Осылайша, жекелеген қиындықтарға қарамастан, жалпы азық-түлік инфляциясы баяулап, негізгі әлеуметтік өнімдердің бағасын тұрақты деңгейде ұстап тұруға мүмкіндік болып отыр. Қазақстан ЕАЭО елдері арасында ең қолжетімді азық-түлік қоржындарының бірін сақтап отыр және бұл жұмыс азаматтардың игілігі үшін жалғастырылады.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»



СҰХБАТ

Асылбек УТЕБАЕВ, Түркістан облысы Кентау қалалық ауруханасының бастығы:

«МЕДИЦИНАДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҮЛЕСІН АРТТЫРУ МАҢЫЗДЫ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Қалалық ауруханада 313 төсек орны бар деп айтып өттіңіз, жыл басынан бері қанша адам емделді?

– Бүгінде халықтың медициналық қызметке жүгіну көрсеткіші өсіп отыр. Медицина қызметіне жүгінген халыққа сапалы көмек көрсету біздің басты міндетіміз. Биыл 6 айда 8356 адам ем қабылдаған. Ал былтыр 8315 адам емделіп шыққан болатын. Жылдан жылға дертіне ем іздеген адамдардың саны артып келеді. Қазіргі таңда медицина да күн санап дамып келеді. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының қаржыландыруымен 2024 жылы лапароскопиялық және видеоэндоскопиялық жүйе сатып алынған болатын. Бұл аппараттың көмегімен көптеген оталарды жасап, науқастардың тез сауығып кетуіне мүмкіндік жасаудамыз. Сонымен қатар, дертіне шипа іздеген жандар алғысын айтып, үлкен кісілер батасын беріп кетуде.

– Заманауи аппараттардың артықшылығы неде?

– Жоғарыда атап өткен құрылғылар лапароскопиялық тәсілмен гинекологиялық, урологиялық және жалпы хирургиялық науқастарды диагностикалау және ота жасау барысында кеңінен қолданылады. Бүгінгі таңда ауруханамызда лапароскопиялық тәсілмен жалпы оталардың 98% жасалуда. Енді біз бұл әдісті бұдан да күрделі операцияларда қолдануды жоспарлап отырмыз.



Себебі, кішкентай тілінді арқылы ағзаның ішкі мүшелеріне күрделі ота жасау науқасқа да жеңіл болумен қатар ота жасап тұрған хирургтің де шеберлігін ұштайтыны анық.

Ал екінші іске қосылған видеоэндоскопиялық жүйе. Бұл жүйеде бірінші дәрежелі мамандар қызмет атқарады. Видеоэндоскопиялық

жүйе арқылы асқазан, ішек жолдарын көре аламыз. Қазіргі таңда жас баладан, үлкен кісіге дейін асқазан мен ішек жолы ауырып ауруханаға түседі. Осы құрылғының көмегімен адамның ауырған дертін тез анықтауға мүмкіндік бар.

– Асылбек Бақытбекұлы, МӘМС жүйесі енгізілгелі ме-

дицинада қандай өзгерістер орын алуда?

– Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесі енгізілгелі қызмет көрсету сапасы анағұрлым артты. Оның тиімді тұстарын пациенттер де жақсы түсіне бастады. Қазіргі таңда халық арасында бұл жүйені түсіндіру шаралары БАҚ-тарда материалдар жариялау, стендтер мен буклеттер сияқты көрнекі құралдарды пайдалану, аудандарға, тұрғылықты жерлерге шығу арқылы жан-жақты жүргізілуде. Сондай-ақ, халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз ететін санатын рәсімдеу және оларды ел экономикасына, сәйкесінше міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне тарту жұмыстары ұйымдастырылуда. Бұл жүйені енгізу денсаулық сақтау саласын дамытуға қосымша ресурстарды тартумен бірге бюджет шығындары мен азаматтардың жеке шығындарын қысқартуға мүмкіндік береді. Болашақта әлеуметтік медициналық сақтандыру шаралары сәтті жүзеге асса, халықтың өз денсаулығына деген жауапкершілігі артып, аурулардың алдын алу мен күрделі ауруларды емдеу ісі одан әрі жетілдіріле түспек. Біздің міндетіміз – сапалы да тиімді медициналық көмек көрсету арқылы емделушілердің сеніміне ие болу. Қазіргі таңда, жұмыссыз үйде отырған адамдар да өзіне өзі міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды төлеп отыр.

– Кадр тапшылығы қалалық ауруханада қалай шешілуде?

– Медицина саласының мамандары қай кезде болса да сұранысқа ие. Бұл салада кадр тапшылығы әлі де болса өзінің өзектілігін жойған жоқ деп ойлаймын. Себебі, кадр тапшылығының орын алуы – ол білікті маманның аздығынан емес, жылдан жылға дертіне шипа іздеген адамдардың артуынан орын алуда. Қазіргі экологияның және дұрыс тамақтанбаудың, дұрыс ұйықтамаудың салдарынан ауру да жасарып келеді. Әсіресе, анестезиолог-реаниматолог, неонатолог, акушер-гинеколог, ангиохирург, онколог, патологоанатом, радиолог, травматолог, реби-

литолог, эндокринолог, дерматолог, ЧЛХ, гематолог, гастроэнтеролог және тағы басқа мамандар сұранысқа ие. Біздің ауруханада дәрігерлерге деген тапшылықты жою мақсатында бірқатар жобалар жүзеге асырылу үстінде. Қаламызда тапшы мамандықтарға дәрігерлерді тарту мақсатында Түркістан облысының жергілікті бюджет қаражаты есебінен резидентурада медициналық кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысына жыл сайын грант бөлініп келеді. Сонымен қатар, тапшы мамандық бойынша кадрларды даярлау курстарынан өтіп өзге қалаға барып тәжірибе де алмасып келуде.

– Аурухана жұмысын жақсарту үшін алда қандай жоспарыңыз бар?

– Жанына шипа іздеп келген адамдардың жазылып үйлеріне оралуы үшін жағдай жасауға тырысудамыз. Әлі де болса науқастар жататын бөлмелер санын көбейтіп, оларға қажетті төсек орын мен дәрі-дәрмектерді жеткілікті етіп жеткізу, сондай-ақ адам өмірінде секундтар шешетін сын сәттер кездеспей тұрмайды. Ондайда жалаң колмен жақсы дәрігер де дәрменсіз. Осындай олқылықтардың алдын алу мақсатында пациенттерге дер кезінде операция жасау аппараттарын толықтыру мақсаты бар.

Бүгінгі медицинаның бір артықшылығы – емделудің балама көздері көп. Инновациялық технологиялардың алуан түрлері табылуда. Науқастың өзі де ғаламтордан дертін дендеп зерттеп, мүмкіндігіне қарай білікті деп таныған дәрігеріне қарала алады. Сонымен бірге, елді адастыратын өтірік-шыны аралас жалған жарнамалық ақпараттар, пайдасы жоқ дәрі-дәрмектер, шипасы жоқ ем түрлері де көбейді. Мұндай жағдайда медицина саласының тәжірибелі мамандарының уәжіне құлақ түріп, денсаулықты сақтауға қатысты дұрыс шешімдер қабылдау аса өзекті.

– Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңізге рақмет!

Раушан НАРБЕК

ТАУ КЕН ИНДУСТРИЯСЫ

ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ НЕГІЗГІ ТІРЕГІ

Алматыда «Қазақстанның тау-металлургия кешені: орнықты дамуының болашағы және экономикаға үлесі» атты зерттеудің тұсаукесері өтті. Ол «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлік палатасының Тау-металлургия кешені (ТМК) дамыту және ел ішіндегі құндылықты арттыру жөніндегі жобалық кеңсесінің бастамасымен іске асырылды.

Мемлекет басшысы биылғы жолдауында: «Тау-кен металлургиясы қашанда Қазақстанның жаңа индустриалды қалыбының сенімді тірегі болып келеді. Оның ел экономикасындағы үлесі – 8 пайыз. Бірақ саланың даму әлеуеті зор. Әсіресе, терең өңделетін өнімдерді шығаруға мол мүмкіндігі бар. Жаһандық үдерістерге сәйкес, сирек кездесетін металдардың және айрықша қажет басқа да материалдардың маңызы арта түсті. Бұл саладағы әлемдік өндірістер мен сауда-саттықтың жаңа желісінде өз орнын нықтап алуына Қазақстанның толық мүмкіндігі бар. Біз алдағы үш жыл ішінде тау-кен саласында жоғары технологиялық өнім шығаратын кемінде үш кәсіпорынды іске қосуға тиіспіз» деген еді.

Әлеуметтанушы Ольга Симакова халықтың ТМК кәсіпорындарына көзқарасын анықтау және олардың әлеуметтік үлесін бағалау мақсатында Жезқазған, Теміртау, Павлодар, Рудный, Хромтау қалаларында жүргізілген сауалнама нәтижелерімен бөлісті. Оның айтуынша, ТМК кәсіпорындары бар қалаларда әлеуметтік оптимизм деңгейі (52%) ел бойынша орташа көрсет-

кіштен (37%) жоғары. ТМК кәсіпорындарымен байланысты жағдайдың жақсаруына деген үміт 23%, ал Теміртауда бұл 50 пайыздан жоғары болып отыр. Рудный, Теміртау және Хромтау тұрғындарының 70%-дан астамы ТМК кәсіпорындарының өмір сапасына оң ықпал ететінін айтқан. Сонымен бірге сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі кәсіпорындардың қала дамуына елеулі үлес қосатынын, ең алдымен халық тұрмысының жақсаруына әсер ететінін атап өтті. Ал ТМК қызметкерлерінің табысына қанағаттанушылығы басқа салаларға қарағанда жоғары (60%-дан астам).

Белгілі сарапшы Марат Шибутовтың сөзіне қарағанда, тау-металлургия кешені елдің бәріне белгілі сияқты көрінеді. Бірақ онда бірқатар қауіпті үрдістер бар. Бұл ең алдымен ресурстық ұлтшылдық. Мұндай жағдайда инвесторлар өздерінің салымдары қаншалықты кепілдендірілгеніне, ертең жоққа шығарылып кетпейтініне сенімсіз болады. Одан кейін – саяси популизм мен саланы түсінбеу. Екеуі бір-бірімен қабаттасып, шешімдер саяси сәтке орай қабылданады, ал терең салалық сараптама жасалмайды. Ашық ай-

тқанда, қабылданған шешімдердің барлығы ТМК-ға пайда әкелді деу қиын. Сондай-ақ қоғамда, тіпті кейде шешім қабылдау деңгейінде де саланы меншік иелері арқылы қабылдау бар. Бұл нені білдіреді? Яғни, ТМК туралы айтқанда, нақты олигархтар еске алынады да, жұмыс орындары, кәсіпорындар, әлеуметтік сала назардан тыс қалады.

«Қазір саланың ең өзекті проблемаларының бірі – барланған қорлардың таусылуы. Біздің ТМК, шамамен айтқанда, ескі кен орындарының есебінен жұмыс істеп отыр, ал жаңалары баяу әрі жеткіліксіз көлемде іске қосылуда. Бұған ақпараттың жабықтығын қосыңыз – сонда неге шетелдік инвестициялар ағымы қысқарғанын түсінесіздер», – дейді Марат Шибутов. Оның айтуынша, мемлекет пен бизнес, бұл мәселелерді қарама-қайшы көзқараспен бағалайды және мәселе келісімге келетін жағдайдан алыс. Бұл экономика үшін аса маңызды салалардың біріне турбуленттілік туғызады.

Жалпы ТМК-да 375 жер қойнауын пайдаланушы компания бар. Саланың елдің ЖІӨ-дегі жиынтық үлесі – 8,9%-дан 17%-ға дейін. Ондағы жалпы қосылған құн 10,6 трлн теңгені құрайды. 343 компанияның 60-ы немесе 17,5 пайызы ірі салық төлеушілер. 120 компанияның 35-і немесе 29,2 пайызы экономиканың стратегиялық нысандары. Елдегі ең ірі салық

төлеушілер қатарына кіретін 59 ТМК компаниялары 2023 жылы – 1,782 трлн теңге, ал 2024 жылы – 1,617 трлн теңге төледі. ТМК компаниялары мен олардың мердігерлерінен түскен өзге түсімдерді қоса есептегенде, бюджетке жиынтық үлесі шамамен 2-3 трлн теңгені құрайды. ТМК-ның әлеуметтік салаға қосқан үлесі де зор.

Біріншіден, ТМК-да 205 мың адам еңбек етеді, олардың жартысы – өндіру мен байытуда, қалғаны – металлургия мен сервистік бөлімшелерде.

Екіншіден, ТМК 1 млн 11 мың халқы бар 16 моноқаланы қамтамасыз етеді, олардың ішінде 370 мың – жалдамалы қызметкер. Бұл моноқалаларда ТМК кәсіпорындары 658 млрд теңгенің өнімін өндіреді.

Үшіншіден, коммуналдық және жол инфрақұрылымын дамыту, жергілікті қауымдастықтарды қолдау, түрлі төтенше жағдайларда материалдық көмек пен техникамен қамтамасыз ету.

М.Шибутовтың айтуынша, ТМК дамуына төнетін тәуекелдер мен сын-қатерлер: сыртқы жағдайда – баға ауытқуы, бәсекелестік, сұраныстың төмендеуі, санкциялар, көлік кедергілері, экологиялық шектеулер. Ішкі жағдайда – салықтық реттеу, саланы реттеу, заңнаманың тұрақсыздығы, қорлардың таусылуы, әлеуметтік жүктеменің артуы, валюта тәуекелдері. Корпоративтік жүйеде – құрылтайшыларға қатысты шағымдар, кадрлар үшін бәсеке, көлік ресурстарына бәсеке және апаттар.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

КҮЗГІ НАУҚАН

Сапалы өнім, қолжетімді баға

Астанада күзгі ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерін Абай және Атырау облыстарының шаруалары өткізді. Қала тұрғындары мен қонақтары аймақтардан жеткізілген өнімдерді тұрақты әрі қолжетімді бағамен сатып ала алды.

Аталған облыстардың шаруалары елордаға 400 тоннадан астам өнім әкелді. Сауда сөрелерінде ет, балық, сүт өнімдері, бакалея, көкөніс пен жеміс-жидек ұсынылған. Өнімдер тікелей фермерлерден жеткізілгендіктен, азық-түліктің қолжетімділігін арттырып қана қоймай, отандық өндірушілерді де қолдауға мүмкіндік береді.

«Бүгін аймақ шаруалары шамамен 400 тонна өнім ұсынып отыр. Оның ішінде 140 тонна ет пен ет өнімдері, 80 тонна көкөніс пен жеміс-жидек, 70 тонна бал, 50 тонна бақша өнімдері, 25 тонна балық, 15 тонна сүт және 20 тоннаға жуық өзге де азық-түлік бар», – деді Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының азық-түлік қауіпсіздігі бөлімінің басшысы Дархан Отызбаев.

Жәрмеңкеге келгендердің айтуынша, Абай облысының өнімдері экологиялық тазалығымен ерекшеленсе, Атыраудан жеткізілген балыққа сұраныс жоғары.

С.АСҚАР
АСТАНА ҚАЛАСЫ

ЖАСЫЛ ЕЛ

«Таза Қазақстан» айлығына Backstreet Boys тобы да атсалысты

Жуырда Астанада Қазақстандағы түрлі конфессиялар мен ұлттар арасындағы достық пен бірліктің нышаны саналатын Бейбітшілік пен келісім саябағының ресми ашылуы өтті. «Таза Қазақстан» экологиялық айлығы аясында мұнда сенбілік ұйымдастырылып, оған аңызға айналған Backstreet Boys тобы да атсалысты.

«Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» экологиялық айлығы аясында бұл жерде ерекше іс-шара болды: әйгілі Backstreet Boys тобы елордалықтармен бірге ағаш отырғызуға қатысты. Музыканттар экологиялық бастаманы жылы қабылдап, жасыл қала құру ісіне өз үлестерін қосуға қуана келісім берді. Айта кетейік, елордада 13 қыркүйек пен 11 қазан аралығында дәстүрлі «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» экологиялық айлығы өтіп жатыр.

С.АСҚАР
АСТАНА ҚАЛАСЫ

МИНБЕР



Мемлекет басшысының жаңа жолдауын түсіндіру, талқылау кең көлемде жүргізілуде. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың бірегей алаңында да жолдаудың басымдықтары сарапқа салынды.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕГЕ ЖАҢА СЕРПІН БЕРЕДІ



Еркін ДҮЙСЕНОВ,
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың басқарма
төрағасының орынбасары –
Бірінші проректор, з.ғ.д.,
профессор:

Цифрлық шешімдер сыбайластықтың алдын алады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы жолдауында еліміз үшін жаңа әрі тарихи бастама көтерілді. Мемлекет басшысы алдағы үш жыл ішінде Қазақстанды толыққанды цифрлық елге айналдыруды міндет етіп қойды. Осы мақсатта Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі құрылатыны жарияланды. Бұл – мемлекеттің даму бағытын жаңа дәуірге бейімдейтін стратегиялық шешім.

Жасанды интеллектіні енгізу тек экономикалық немесе техникалық салаға ғана қатысты емес. Ол ең алдымен құқықтық жүйеге жаңа серпін береді. Қазіргі таңда электронды сот, цифрлық келісімшарттар, онлайн мемлекеттік қызметтер кеңінен қолданылып келеді. Енді

жаңа министрліктің құрылуы осы бағыттарды күшейтіп, құқық саласының заманауи технологиялармен тығыз байланыста дамуына жол ашады. Бұл қадам құқық үстемдігін қамтамасыз етуге, мемлекеттік басқарудың ашықтығын арттыруға ықпал етеді. Сот шешімдерінің әділдігі, құқық қорғау органдарының тиімділігі, азаматтардың дербес құқықтарын қорғау мәселелері – цифрлық шешімдер арқылы жаңа деңгейге көтеріледі.

Президент жолдауда жасанды интеллектіні білім беру саласына да енгізу қажеттігін атап өтті. Бұл ой – болашақ мамандардың даярлығына үлкен талап қояды. Әсіресе құқықтану мамандығын оқып жатқан студенттер үшін ерекше маңызды. Өйткені болашақ заңгерлердің кәсіби қызметі цифрлық ортада жүзеге асады. Мысалы – электронды құжаттармен жұмыс, цифрлық дәлелдемелерді пайдалану, деректерді қорғау құқығын сақтау, жасанды интеллект қабылдаған шешімдердің заңдық салдарын түсіну. Осыған байланысты университеттерде цифрлық құқық, киберқұқық, ақпараттық қауіпсіздік құқығы сияқты жаңа пәндерді енгізу қажеттігі туындайды. Бұл – болашақ заңгерлердің заманауи талаптарға сай кәсіби қалыптасуына жол ашады.

Жасанды интеллектіні құқық саласына енгізу – қоғамда заңға деген сенімді күшейтеді. Цифрлық шешімдер сыбайлас жемқорлықтың алдын алып, мемлекеттік қызмет көрсетудің ашықтығын қамтамасыз етеді. Нәтижесінде азаматтар өз құқықтарының қорғалуына көз жеткізіп, құқықтық мәдениет жаңа деңгейге көтеріледі.

Қорыта айтқанда, Президент жолдауындағы жасанды интеллект пен цифрлық даму идеясы – Қазақстанның құқықтық мемлекет ретіндегі болашағына арналған маңызды бағдар. Жаңа министр-

ліктің құрылуы тек технологиялық серпіліс қана емес, құқықтық реформалардың да жаңа кезеңі. Бұл бастама елдің әрбір азаматына, әсіресе болашақ заңгерлерге бағыт-бағдар беріп, Қазақстанды әділетті әрі цифрлық қоғамға айналдыруға қызмет етеді.



Гүлдана ҚУНАЛИЕВА,
Кеден, қаржы және
экологиялық құқық
кафедрасының меңгерушісі,
з.ғ.д., профессор:

Инновациялық жобалар ел игілігіне қызмет етуімен құнды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы жолдауы еліміздің ғылым мен технология саласындағы даму бағытын айқындап берді. Президентіміз атап өткендей, ғылым саласында әлі де мемлекеттің үлесі басым болғанымен, бюджет қаржысының қайтарымы жеткіліксіз.

Жаңа патенттер мен технологиялық шешімдердің аздығы, ғылыми нәтижелердің өндірісте нақты көрініс таппауы – бұл мәселенің айқын дәлелі. Бұл жағдайдан шығудың бір жолы – ғылыми саясаттың тиімді үйлестірілуі.

Президент жолдауда бұл істі Ғылым және жоғары білім министрлігінің құзырына беру қажет екенін нақты айтты. Бұл – дер кезінде көтерілген орынды бастама. Өйткені ғылым мен жоғары білім – бір-бірінен ажырағысыз, өзара тығыз байланыстағы салалар. Министрлік пен Ғылым академиясы бірлесе отырып, ғылыми институттар мен жоғары оқу орындарының қызметін үйлестіру арқылы нақты нәтижелерге қол жеткізе алады.

Сонымен қатар, жасанды интеллект саласы да ерекше назар аударуды қажет етеді. Бұл – болашақтың технологиясы ғана емес, бүгінгі күннің шындығы. Университеттерде жасанды интеллектіні кеңінен қолдануға мүмкіндік беріп, оларға академиялық және қаржылық дер-

шейтіп қана қоймай, азаматтардың құқықтарын қорғауда жаңа кепілдік береді.

Сонымен қатар жолдауда көрсетілген: инвестиция тартуды жүйелеу, банк секторын жетілдіру, өңдеу өнеркәсібін дамыту, жаңа өндірістерді іске қосу, энергетика, атом станцияларын салу, ауыл шаруашылығы мен агроэкономиканы жаңа деңгейге көтеру, көлік-логистика және транзиттік әлеуетті арттыру, туризм индустриясын дамыту, су қауіпсіздігі мен суды үнемді пайдалану, кәсіпкерлікті қолдау және заңнаманы оңтайландыру, азаматтардың қаржылық сауаттылығын көтеру сияқты нақты бағыттар – Қазақстанның орнықты дамуына негіз болатыны сөзсіз.

Бұл міндеттердің барлығы жасанды интеллект дәуірінде еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және цифрлық трансформацияны тиімді іске асыруға бағытталған. Жолдау – тек стратегиялық бағдар ғана емес, құқықтық ғылым мен тәжірибеге жаңа серпін беретін маңызды құжат.

бестік беру – ғылыми зерттеулер мен инновациялық жобалардың сапасын арттыруға себеп болады.



Уалихан АХАТОВ,
Заң факультетінің деканы,
з.ғ.к. профессор

Жолдау – маңызды стратегиялық бағдар

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде 2025 жылғы 8 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты жолдауы көп болып біріге отырып тыңдалды. Бұл жолдау ел дамуының жаңа кезеңіндегі басты басымдықтарды айқындап берді.

Президентіміз атап өткендей, Цифрлық кодекстің қабылдануын жеделдету – заманауи талаптарға жауап беретін құқықтық жүйені қалыптастырудың негізгі шарты. Цифрлық заңнаманың дамуы мемлекеттің инновациялық бағытын кү-



Гүлнұр РАШЕВА,
Кеден, қаржы және экологиялық
құқық кафедрасының доценті
міндетін атқарушы,
философия докторы (PhD):

Жүйелі іс жеңіске жетелейді

2025 жылғы 8 қыркүйектегі Президент жолдауында еліміздің цифрландыру бағытындағы жаңа бастамалары кеңінен талқыланды. Президент жер сапасын, өнімділігін және ауыл шаруашылығы дақылдарының жағдайын талдау үшін жасанды интеллектіні енгізу мәселесіне тоқталды. Сондай-ақ, кадастрлық деректер мен пайдаланылмаған жерлер туралы ақпаратты біріктіретін бірегей цифрлық жер ресурстары картасын жасауды тапсырды. Біздің ойымызша, жолдауда көтерілген бұл мәселелер өте орынды және қазіргі заман талабына сай. Жер ресурстарын тиімді пайдалану – тек ауыл шаруашылығының дамуына ғана емес, жалпы ел экономикасының тұрақтылығына да тікелей әсер етеді. Осындай жүйелі іс, сауатты жоспар мен сапалы қадам жеңіске жетелейтінін ұмытпайық.

Дайындаған Т.ИБАШЕВА,
«Заң газеті»

СЕМИНАР

КИБЕРҚЫЛМЫСПЕН КҮРЕСТЕ ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУДЫҢ ПАЙДАСЫ ЗОР

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы БҰҰ-ның Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасының қолдауымен киберқылмыспен және цифрлық қылмыспен күрес саласындағы халықаралық ынтымақтастық бойынша семинар ұйымдастырды.

Бұл шара құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыруға, практикалық дағдыларды жетілдіруге және



ведомствоаралық өзара іс-қимылды дамытуға бағытталған. Оған халықаралық сарапшылар, АҚШ-тың Қазақстандағы елшілігінің өкілдері, халықаралық-прокурорлар мен қазақстандық құқық қорғау органдарының қызметкерлері қатысты.

Бас Прокурордың орынбасары Ғалымжан Қойгелдиев қатысушыларға киберқылмыспен күрес саласында Қазақстан мен шетелдік серіктестер арасындағы ынтымақ-

тастықты белсенді дамыту қажеттігін атап өтті.

Семинардың мақсаты – өзара іс-қимыл мен тәжірибе алмасуды одан әрі нығайту, қылмыстың осы түріне қарсы күресте халықаралық ынтымақтастық барысында туындайтын мәселелерді бірлесіп шешу екенін атап өтті. Жалпы, Бас прокуратураның бұл бағыттағы жұмысы айтарлықтай белсенді жүргізілуде. Мәселен, соңғы екі жылда ғана киберқылмыс істері бойынша құқықтық көмек көрсету туралы 2 мыңнан астам шетелдік сұраулар орындалып, бірнеше халықаралық тергеу топтары құрылды, трансұлттық кибералақтарға қарсы бірлескен операциялар жүргізіліп, оң нәтижелерге қол жеткізілді.

**Бас прокуратураның
баспасөз қызметі**

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТУҒАН КҮНІҢМЕН,
АЛМАТЫ!



(Соңы. Басы 1-бетте)

Алмалы ауданы «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасының арқасында соңғы айларда көзге көрінерлік өзгеріске енді. Биыл 23 аула толық жөндеуден өтті, төрт аула көгалдандырылды. Бір нысанда жұмыс әлі жалғасуда. Ал жөндеу жоспарына енген 33 жобаның 25-і толық аяқталған, қалған сегізінде құрылыс қызу жүріп жатыр. Тұрғындар үшін бұл көбірек жасыл желек, жаңа балалар және спорт алаңдары, демалыс пен көрші-қолаңмен жүздесуге ыңғайлы аймақтар деген сөз. Әрбір көркейтілген аула – Алматының заманауи әрі көрікті қалаға айналуындағы қадам. Мұнда көшелер мен алаңдардың келбеті ғана емес, адамдардың өз үйінде қалай сезінетіні де маңызды. Қала күніне орай Алмалы ауданы тұрғындарға жаңарған аулаларды тарту етіп отыр. Бұл Алматының шынымен де адамдар үшін жайлы қала болуына бағытталған игі іс.

Жетісу ауданында Қала күніне орай Алматыдағы тұңғыш инклюзивті балалар ойын алаңы ашылды. «Бақытты отбасы» отбасын қолдау орталығы жанында, Сейфуллин қаңғылы мен Жансүгіров көшесінің қиылысында орналасқан бұл алаң – ерекше қажеттіліктері бар және барлық баланың еркін ойнауына мүмкіндік беретін заманауи кеңістік. Аудан әкімдігінің мәліметінше, алаңның басты ерекшелігі – оның бар-



лық балаға, соның ішінде ерекше қажеттіліктері бар ұл-қыздарға да қолжетімділігінде. Мұнда балалардың еркін ойнап, дене шынықтырып әрі қоғамға бейімделуіне жағдай жасалған. Бұл бастама шын мәнінде тең әрі жайлы қалалық ортаны құру жолындағы маңызды қадам болып отыр. Жетісу ауданы әкімінің орынбасары Данияр Әлкебайұлының айтуынша, жаңа алаң «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында бой көтерген. «Бұрын бұл жерлерде ескі үйлер болған. Айналма жол салынғаннан кейін айналасында бос жерлерді сәтті пайдаланып, осындай халыққа пайдалы аймақтар жасадық. Бұл ойын алаңының басты ерекшелігі – оның барлық балаға қолжетімді болуы. Мұнда мүмкіндігі шектеулі балалар да еркін ойнап, спортпен айналысып, қатарластары сияқты қоғамға

бейімделе алады. Инклюзивті орта әрбір баланың дамуына жағдай жасайды», – деді ол.

Ашылу салтанатына «Бақытты отбасы» орталығының өкілдерімен бірге Алматы қалалық мәслихатының депутаттары мен аудан әкімдігінің қызметкерлері қатысты.

Ашылу салтанатына келген балалар ата-аналарымен келіп, әткеншек теуіп, түрлі ойын құрылғыларында ойнады. Анимациялық кейіпкерлер бүлдіршіндермен бірге ойын ұйымдастырып, қонақтар балаларға тәттілер, балмұздақтар таратты.

Көпбалалы ана Әйгерім Куватова: «Балаларым шын қуанып ойнап жүр. Мұндай алаңдар көп болса, әр отбасы үшін үлкен қолдау бо-

лар еді», – деп қуанышымен бөлісті. Жансүгіров көшесінің тұрғыны Айзада Багирова да ризашылығын білдіріп: «Бұдан былай бұл жерге күнде келеміз. Балаларыма ұнап жатыр. Мұнда ойын түрлері көп екен. Қауіпсіз әрі қызықты орын болыпты», – деді.

Жаңа жобаның аясында заманауи инклюзивті спорт және ойын кешендері орнатылып, қауіпсіздік үшін 200-ден астам жарық шамы мен 12 бейнебақылау камерасы қойылды. Сондай-ақ 22 орындық пен шағын сәулеттік нысандар орналастырылған. Территория көгалдандырылып, жасыл желекті күтіп-баптау үшін скважинадан қуат алатын автоматты суару жүйесі іске қосылды.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

КИЕ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ҮЛЕСІ
АРТЫП КЕЛЕДІ

Қазақстанда мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Бұл қағида елдің барлық қоғамдық және мемлекеттік салаларында, соның ішінде құқықтық салада да міндетті түрде жүзеге асырылуы тиіс. Сот жүйесі – мемлекеттік биліктің бір тармағы ретінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда негізгі рөл атқарады. Осыған байланысты сот ісін жүргізу тілі – ел ішіндегі тіл саясатының ең өзекті бағыттарының бірі.

ҚР Конституциясының 7-бабының 1-тармағына сәйкес, мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Сонымен қатар «ҚР Тіл туралы» заңы, Азаматтық процесстік кодексі, Қылмыстық-процестік кодексі мен Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс сот ісін мемлекеттік тілде жүргізуді міндеттейді. Бұл құжаттарда тараптардың тілдік құқығы, қажеттілік туындаған жағдайда аударма қамтамасыз етілуі де нақты көрсетілген.

Жалпы мемлекеттік тілдің дамуына бірінші кезекте мемлекеттік қызметшілердің тигізер көмегі мен ықпалы зор. Өйткені мемлекеттік саясатты іс жүзіне асыратын негізгі буын осы болғандықтан қарапайым халық, әсіресе жастар шенеуніктерге қарайды, солардың кәсіби біліктілігіне қарап, билікті бағалайды, өз болашағына қатысты бағыт-бағдарын, жоспарларын түзеді.

Қазақ тіліндегі сот істерінің үлесі

әр өңірде жыл сайын өсіп келе жатыр. Ақтөбе қаласының №2 сотында 2024 жылы 925 қылмыстық істің 491-і мемлекеттік тілде қаралды, бұл 53%. Ал 2025 жылдың 4 айы ішінде 290 қылмыстық істің 155-і мемлекеттік тілде қаралды, бұл 53%. Сонымен қатар шығыс құжаттар 100% мемлекеттік тілде рәсімделеді.

Сот жүйесіндегі тіл саясатын жетілдіру үшін төмендегідей шараларды ұсынуға болады:

- мемлекеттік тілде сот ісін жүргізе алатын мамандар даярлығын күшейту;
- сот құжаттарының қазақ тіліндегі үлгілерін, стандарттарын жетілдіру;
- электрондық сот жүйесінде қазақ тілінің сапасын арттыру;
- тараптарды қазақ тілін таңдауға ынталандыру тетіктерін енгізу;
- қоғамдық санада мемлекеттік тілдің сот жүйесіндегі маңызын

ОҢ ҚАДАМ

Жақында еліміздің барлық өңірінде 47 ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтіп, отандық өндірушілер тұрғындарға жаңа әрі сапалы өнімдердің кең ауқымын, соның ішінде 195 тоннадан астам сиыр етін ұсынды. Сауда алаңдарына 400-ден астам ауылшаруашылығы тауарын өндіруші қатысып, өз өнімдерін тұтынушыларға тікелей ұсынды.

ЖӘРМЕҢКЕ –
ТАЗА ТАУАР АЛУ
МҮМКІНДІГІ

Жыл басынан бері республика бойынша 3 700-ден астам осындай жәрмеңке ұйымдастырылғаны халықтың бұл саудаформатына деген қызығушылығының жоғары екенін көрсетеді. Жәрмеңкелерде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сату басты назарда болды. Соның ішінде сиыр етіне деген сұраныс жоғары. Сиыр етін сату көлемі бойынша Қостанай облысы көш бастады. Еттің бағасы өңірлерге қарай 2 400-ден 3 700 теңгеге дейін өзгеріп отырды. Қолжетімділік бойынша Қызылорда облысы алдыңғы қатардан көрінді. Мұнда сиыр еті 2 400–2 500 теңге аралығында сатылды. Түркістан қаласындағы «Қуаныш» базарында аптасына екі рет, сейсенбі және бейсенбі күндері ет жәрмеңкесі өтеді. Мұнда сиыр етінің бағасы 2 600 теңге.

Семей қаласындағы «Северный» көлік-логистикалық орталығы аумағында 19,5 тонна сиыр еті, әрқайсысынан бір тоннадан картоп пен пияз, 250 келіден сәбіз бен қырыққабат сатылды. Жәрмеңкеде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдері, яғни ет, сүт өнімдері, көкөністер, наубайхана бұйымдары мен жармалар ұсынылды. Бағалар нарықтағы бағадан төмен: сиыр еті – 3500 тг/кг, тауық еті – 1500 тг/кг, бірінші сортты ұн – 180 тг/кг, нан – 150 тг, күнбағыс майы («Заречное») – 850 тг/л, сары май («Бородулиха ауданы») – 2800 тг/кг, картоп –180 тг/кг, сәбіз – 200 тг/кг, пияз – 170 тг/кг, орамжапырақ – 190 тг/кг, кант – 490 тг/кг, жұмыртқа – 580

тг/ондық, қарақұмық – 250 тг/кг. Қарағанды қаласында «Global City» сауда ойын-сауық орталығының аумағында дәстүрлі күзгі «Ауыл береке – 2025» жәрмеңкесі басталды. Шараға облыстың 7 ауданынан 90-нан астам ауыл шаруашылығы өңдеушілері қатысып, өз өнімдерін нарықтағы бағадан 10-15% арзан бағада ұсынды. Жалпы көлемі 120 тоннадан асатын тауар сатылымға шығарылды. Оның ішінде 52,2 тонна ет, 25 тонна картоп, 7 тоннаға жуық көкөніс, 16 тонна сүт өнімдері, 4 тонна балық, 175 мың дана жұмыртқа және өзге де азық-түлік өнімдері бар.

Сауда және интеграция бірінші вице-министрі Айжан Бижанованың айтуынша, жәрмеңкелер еліміздің сауда мәдениетінің бір бөлігі ретінде, өндіруші мен тұтынушыны тікелей байланыстыратын, халық сұранысына ие маңызды алаң болып қала бермек. «Жәрмеңкелерде тұрғындар өнімді өндірушілерден тікелей сатып ала алады, бұл нарықтағы бағадан 10-15 пайызға арзан. Барлық өңірде жәрмеңкелер кестесі бекітілген. Енді облыстарда ет жәрмеңкелерінің санын арттыру жоспарланып отыр. Жыл соңына дейін еліміздің барлық өңірінде 1 300-ден астам жәрмеңке өткізу көзделіп отыр. Бұл қыстық азық-түлік қорын тиімді бағада алдын ала жасауға мүмкіндік береді», – деді бірінші вице-министр Айжан Бижанова.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»



ПІКІР

ЖАЗА – ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМ КЕПІЛІ

Адам өлтіргені үшін жаза – қоғамның қауіпсіздігін сақтаудың басты тетігі Адам өмірі – қайталанбас құндылық. Қай дәуірде болсын, қай қоғамда болсын ең ауыр қылмыс – адам өлімі саналып келген. Өйткені бір адамның өмірін қию – тек жеке тұлғаға ғана емес, тұтас қоғамға қарсы жасалған қылмыс. Заң не дейді?

ҚР Қылмыстық кодексі бұл мәселені нақты реттеп қойған. 99-баптың 1-бөлігінде адам өлтіру – басқа адамның өмірін қасақана қию деп көрсетілген. Мұндай қылмыс үшін ең аз жаза – сегіз жылға бас бостандығынан айыру. Алайда қылмыс ауырлататын мән-жайларда жасалса, яғни аса қатыгездікпен, пайдакүнөмдік мақсатта, екі немесе одан да көп адамға қарсы, көмелетке толмағанды өлтіру сияқты жағдайларда жаза да қатая түседі. Бұл кезде сот 15 жылдан 20 жылға дейін бас бостандығынан айыруға, тіпті өмір бойына бас бостандығынан айыруға үкім шығара алады. Жазаның мәні неде? Жаза тек қылмыскерді жазалау үшін ғана емес, қоғамды қорғау үшін де қажет. Сот шешімі қоғамға айқын сигнал береді: адам өмірін қиған қылмыскер әділеттен қашып құтыла алмайды. Бұл – келесі осындай қылмыстың алдын алуға бағытталған маңызды қадам. Заң ғана емес, мораль да адам өлтіруді айыптайды. Қазақ халқы ежелден «Қанға – қан, жанға – жан» деп, әділдік іздеген. Бүгінде біз өркениетті қоғам құрып жатырмыз, сондықтан кек алу емес, заң үстемдігі басты орында тұруы керек. Соттың рөлі Сот әр істі жеке қарайды. Қылмыстың себебі, айыпталушының тұлғасы, жәбірленушінің отбасы – бәрі ескеріледі. Бұл әділеттіліктің басты кепілі. Адам өлтіру – ең ауыр қылмыс. Оған берілетін жаза да соған сай болуы тиіс. Әрбір азамат адам өмірінің құндылығын түсініп, заңға бағынса – қоғамымыз қауіпсіз әрі бейбіт болмақ.

А.СҮЕУОВА,
Ақтөбе облысының қылмыстық істер
жөніндегі мамандандырылған ауданаралық
сотының бас маманы-сот мәжілісінің хатшысы

Ақкөркем МҰХАНБЕТҚЫЗЫ,
Ақтөбе қаласының
№2 сотының бас маманы

КӨЗҚАРАС

Қазіргі заманда мемлекеттік тілді білуге, қастерлеуге талап күнде жоғарылап келеді. Мемлекеттік қызмететкерлер ана тілінде сөйлеп, ана тілінде сауатты жаза білуге, өзге ұлт өкілдеріне үлгі-өнеге көрсетуге тиіс.

Мемлекеттік тілде сот ісін жүргізу деңгейін көтеру бойынша 2022 жылғы 23 желтоқсанда өткен «Құқық жүйесіндегі қазақ тілінің мәселелері және оларды шешу жолдары» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияның қарарында жергілікті соттарға мемлекеттік тілде сот ісін жүргізудің бағыт-бағдары берілген болатын. Осы ауқымды жұмысты құқық қорғау, адвокатура, нотариаттармен, заң консультанттарымен және мемлекеттік органдармен бірлесіп атқару жолдары да

көрсетілген. «Ұлттың сақталуына да, жойылуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы тіл», – деп ғұлама ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, еліміздің өркендеп дамуына бірден бір себеп ол – мемлекеттік тілімізді жетік меңгеруіміз.

Мемлекеттік тіл – тәуелсіз елдің негізгі рәміздерінің бірі. Сол себепті қазақ тілін терең меңгеру әр қазақтың, Қазақстанда тұрып жатырған әрбір азаматтың қасиетті борышы. Ата-бабамыз ғасырлар бойы жасаған асыл мұраларын, игі

БОЛАШАҒЫМЫЗДЫ БАЯНДЫ ЕТЕР БАСТЫ ҚАРУ – ТІЛ

істерін, салт-дәстүрлерін, өсиеттерін ұрпақтан-ұрпаққа тіл арқылы жеткізген. Сондықтан ана тілімізді білмей, ұлттық мәдениетті бойымызға сіңіру мүмкін емес. Тіл халықпен бірге өмір сүріп, дамиды.

Әр ұлттың тілі – оның бақыты мен тірегі. Болашағымызды баянды етер басты қаруымыз – тіл. Тіл өлсе, ұлттың да өмір сүруі мүмкін емес. Сондықтан, сіз қай ұлттың өкілі болмаңыз, тіл үшін күресуге міндеттісіз. Сол тілде сөйлейтін соңғы адам болсаңыз да, тіліңіз жайында аманат қалдыруға, мұра қалдыруға тырысуыңыз керек. Себебі сіздің

тілде жазылған құнды тарихи деректердің, кейінгі ұрпақ үшін үлкен маңызы зор.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты төрағасының 2009 жылдың 27 ақпанындағы «Іс қағаздарын мемлекеттік тілге көшіру туралы» №36 өкімі республикамыздың барлық соттарында қолданылады. Қазір іс-қағаздарын жүргізу номенклатурасына сәйкес кітаптар, есептік карточкалар, сот тәжірибесінің талдаулары, жедел кеңес және семинар, сабақ хаттамалары, жоғары сатыдағы соттармен және басқа да мемлекеттік мекелермен

хат алмасу тек мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Тіл туралы заңнамамыздың қағаз жүзінде қалмай, өмірде нық қадам басып, ғұмыры ұзақ, болашағы жарқын болуы үшін күресе білейік. Әр азамат өзінің ана тілін көзінің қарашығындай қарауы және ана тілінің орынсыз шұбарлануына қарсы тұруға тиіс. Себебі, ана сүтімен дарыған тіл – ең басты байлығымыз.

Г.БЕККАЛИЕВА,
Орал қаласы № 2 соты
әкімшісінің бас маманы

ЖАРНАМА

13. Ақпараттық хабар

Ақсуат ауданы әкімдігі ауыл шаруашылығы өндірісін, шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін жер телімдерін жалға беру жөнінде конкурс өткізеді.

Конкурсқа қатысуға өтінім және конкурстық ұсыныстар Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 43-1-бабының талаптарына және Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрі – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының 2018 жылғы №518 бұйрығымен бекітілген «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу» қағидаларына сай келуі тиіс.

Конкурсқа өтінімдерді қабылдау және тіркеу 2025 жылдың 23 қазаннан бастап он бес жұмыс күн ішінде жүзеге асырылады. Мекенжайы: АО Ақсуат ауданы Ақсуат ауылы, Абылай хан көшесі, 13 орналасқан «АО Ақсуат ауданының ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі, 110 кабинетте жүзеге асырылады, телефон 8 (72346) 2-10-43.

Ескертпе

Жеке және заңды тұлға болып табылатын қатысушы конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынады:

- 1) конкурсқа қатысуға арналған өтінім;
- 2) конкурстық ұсыныс

Конкурстық ұсыныста:

- 1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);
- 2) шаруашылықишілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;
- 3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныс, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертте ұсынылады.

Конкурстық өтініштерімен конверттерді ашу және қорытындыларын шығару 2025 жылдың 14 қараша күні сағат 10.00-де Ақсуат ауылы, Төлегетай баба көшесі, 1 мекенжайы бойынша (аудан әкімінің ғимаратында) өтеді.

Конкурс мынадай жағдайда өтпеді деп танылады.

- 1) конкурсқа қойылған әрбір жер теліміне екі өтінімнен кем түссе;
- 2) конкурсқа қойылған әрбір жер телімі бойынша конкурсқа қатысуға екі қатысушыдан кем жіберілсе.

ӘРТУРА

2. «KazNet Media (КазНетМедиа)» (БСН 090340020625) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктен акционерлік қоғамға айналу процесі басталғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Әлімжанов көшесі, 51-үй.

7. «Шарапат-1999» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 990140006303) өзінің «Ontustik Thermal Resort» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен (БСН 171040007815) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Ақсукеңт ауылдық округі, Бәйтерек ауылы, Балдырған көшесі, 30-ғимарат, индекс 160800.

8. «Ontustik Thermal Resort» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 171040007815) өзіне «Шарапат-1999» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін (БСН 990140006303) қосу жолымен қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Ақсукеңт ауылдық округі, Бәйтерек ауылы, Балдырған көшесі, 30-ғимарат, индекс 160800.

12. «BK TECHNOLOGIES» ЖШС (БСН 230840022313) өзінің жарғылық капиталы 317 940 000 (үш жүз он жеті миллион тоғыз жүз қырық мың) теңгеге төмендегені туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 040800, Алматы облысы, Қонаев қаласы, Индустриальная көшесі, 3 құрылыс.

ТАРАТУ

3. «Сый табақ» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 241240012894) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылдық округі, Шолаққорған ауылы, Меймандосов Жанғали көшесі, 32-үй.

4. «Био-Фарма» ЖШС (БСН 140840024846) (Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Тонкуруш көшесі, 13-үй, н.п. 2.) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Д. Баянов көшесі, 184Е үй, тел. 8 702 641 2457.

5. «Бұланды ауданының Айнакөл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (БСН 030140003449) өз қызметінің таратылатынын

хабарлайды. Талаптар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Айнакөл ауылдық округі, Айнакөл ауылы, Жастар көшесі, 18 үй. Тел. 8 (71646) 3 14 33.

6. «Азия КиноПрокат» ЖШС (БСН 151140011675) (ҚР, 050036, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Астана ықшам ауданы, 28-үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қ. Мирас ықшам ауданы, 157-үй, 630-пәтер, тел 8 702 777 3865.

9. «СанТаксБух» ЖШС (БСН 220740042828) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 15 ықшам аудан, 55-үй, 27-пәтер, тел. +7 701 522 1911.

10. «WATER ZKO» ЖШС (БСН 250540004157) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Желтоқсан көшесі, 1А құрылыс.

11. «АТАМЕКЕН КБГ» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 150740026642) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: БҚО, Ақжайық ауданы, Алмалы ауылдық округі, Атамекен ауылы, Ы. Алтынсарин көшесі, 27-үй.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page.kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency.kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What’s app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Тrade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби, 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажимаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА

(*Соңы. Басы өткен санда*)

Тағы да ой көшіне ілесті. «Бұл заман не болып барады... Алайда қай қоғамда болмасын қылмыс болғаны белгілі емес пе. Бұл дегенің қоғам мен адам байланысының үйлесім таппай қалуынан, жекелеген адамдар тәрбиесі мен мінез-құлқынан, дүниеқұмарлық және тағы сондайлардан шығып жатпай ма. Сайып келгенде бұл бала кезден тәрбиеге ерекше мән берілу керектігін көрсетпей ме... Сұрақ көп, жауап жоқ... Осы мен Бақтыгүлмен кездеспей тұрып, сол емхана маңын шолып қайтсам қалай болар екен? Сірә, сөйткенім дұрыс болар. Емханаға келген ел не дейді екен, оны да біліп қойған артық болмас».

Ол келгенде емхана коридары құжынаған халық екен. Жастарына қарай дәрігерлік тексерілу-ден өту кезі болса керек кезек күтушілер көп. Бұл ішекше созылған тар коридор бойын жағалай қойылған скамейкалардың біріне орналасты. Сәл-ден соң-ақ кезек күтушілер арасындағы әңгіме бұл күткен арнаға ауысып жере берді. Әңгімені көзілдірікті қартаң әйел бастады.

– Ал, қыздар не білдіңдер... біздің кардиолог-тың тергеуі не болып жатыр екен?
– Не білетіні бар...Түрмеде емес пе?!
– Апырай, кім білген. Адам аласы ішінде деген ғой. Тура өлімге айдағаны... Біз болсақ әуелі Ал-ладан, сосын осылардан жәрдем күтіп жүрміз ғой.
– Оған не болатын еді. Осы кезге дейін дәрі-гер сотталыпты дегенді естімеппін. Олар адамды қолдан өлтірсе де, бірін-бірі жақтап шыға келеді. Қарға қарғаның көзін шұқымайды деген емес пе?!
– Қой, олай демеңдер. Өте жақсы врач еді, біреулер подстава жасаған болар...
– Біреулер медсестрасының қатысы бар екен деп жатыр...

– Менің естігенім – замглавврач біраздан тиісіп жүреді екен, сол істеген шығар.

– Олай болуы да мүмкін. Мен уколды күнде таңертең ерте осы жерден аламын. Соңғы кезде ылғи бір бомжды көремін замглавврачпен сөйлесіп тұрған. Оны бұрын бұл маңнан көрмейтінмін, осы тегін емес...

– Ой... оны мен де көрдім...Ол бүгін де осында... Даладағы талдың астында тұр... Сірә, сол замды күтіп тұрған болар...

Абылай тез сыртқа шықты, шынында да тал-дың ық бетінде бет әлпеті бұзылыққыраған жігіт ағасы тұр екен. Бұл оған жақын келе бергенде автокөлік қотыын тұрақ беттен бірсыдырғы сәнді киінген жігіт ағасы көрінді де, бұларға беттеді. Бұл тез оларға арқасын бере жақындай түсті. Жел солар жақтан болғасын екеуінің әңгімесі толық естіліп тұрды. Бұл қалтафонымен әлгі екеудің кез-десу сәтін оларға байқатпай бірнеше рет суретке түсіріп алды.

– Тағы келдің бе? Енді келме дегенім қайда?
– Неге келмеймін...Келемін. Менің қолымда вешдок бар... Айттым ғой о баста менен бірден құтыл деп. Көнбедің. Енді бас жазу үшін келемін де тұрамын. Ақша бергің келмей тұр ма? Бересің! Әйтпесе сенің не істеп жүргеніңді жұртқа жая-мын... Әне... Қорқасың. Маған бес мың бер. Он берсең тіпті жақсы. Біз біраз адамбыз. Екі бөтелке жұғым да болмайды. Отын арақтан төртеу алуым керек. Закөске дегенің де керек. Прадәкті ұдай қымбат болып кетті ғой. Давай, тездет! Менің уақытым жоқ, жұрт күтіп отыр...

Бұдан соң үнсіздік орнады, анау сұрағанын беріп құтылған болуы керек, екеуі екі жаққа кетті. Абылай емханаға беттегеннің кезектегілер айтып отырған замглавврач екенін түсінде де, оны бопса-лап тұрғанның соңынан ерді. Ол болса ешқайда бұрылмай темір жол стансасына қарай тартты да, бір кезде теміржолға жақын орналасқан бес қабат-ты үйдің жертелесіне кіріп кетті. Бұл телефонмен оперативниктерді шақыртты.

Полиция нарядтары да, қылмысты іздестіру бөлімінің жігіттері де тез жетті.

– Қара суық түсті дегенше қаладағы бүкіл бомж темір жол бойына жиналады. Мұнда жылу қалаға қарағанда оншақты күн ерте беріледі ғой. Соны білед подлещтер... Полковник мырза! Мына үй подвалындағылардың барлығын ұстаймыз ба?

– Сөйтеміз.
– Ойбай, бұлар кемі қырық-елу шығар...
– Мейлі. Бәрін алып шығу керек. Сосын топ-тастырамыз ғой.

– Бұларды қалай топтастырасыз? Бұлар бомждар ғой...
– Оны кейін көрерсің...

Барлығын сыртқа алып шыққанда жертөледегі қаңғыбастар жиырма бес екен, оларды уақыт-ша ұстау абақтысына жөнелтті де, жертөлені то-лық қарап шықты. Күлімсі иске толы жертөледен іске қажетті ешнәрсе де табылмады да, ол шұғыл басқармаға жетіп, иіріліп тұрған қаңғыбастарға күле сөйледі.


– Қаңғыбас мырзалар! Бізде бос камералар аз болып тұр, сондықтан сендерге тек төртеуін ғана бөле аламыз. Камераны таңдау өз ықтиярла-рында, бірақ таңдайтын да ештемесі жоқ, барлығы бірдей ғой...

– Бастық! Сендердің бізді ұстауға праволарың жоқ. Неге қамайсыңдар? Біз ештеме бүлдірген жоқпыз. Біз де арыз жаза аламыз... Бұған жауап бересіңдер...

– Әрине, жауап береміз... Араларыңда қыл-мысқа қатысы бар адам жүр. Бізге сол ғана керек. Қалғандарыңды сөйлескеннен кейін босатып жі-береміз.

Қызметкерлер олардың киімдерін тексеріп шығамын дегенше, мамандар төрт камераға тыңдау құрылғыларын қойып үлгірген еді. Шашы иығын жапқан манағы қаңғыбастың қалтасынан он мың теңге ақша шықты.

– Мына ақшаны қайдан алдың?



– Кластас досымнан бүгін ғана қарызға алған-мын.

Қалған қаңғыбастар шу ете қалды: «Бастық ол рас айтып тұр. Кластасы нағыз азамат екен. Бізге соңғы кезде қарасып тұрған сол ғана».

– Онысы дұрыс екен. Біз бір ұрлыққа байланыс-ты іздестіріп жүрміз. Қазір мына ақшаны ұрланған ақшалар нөмірімен салыстырып көрейік. Сәйкес келмесе қайтарып береміз. Қарсы емессіңдер ғой...

Абылай сол жерде он мың теңгелікті суретке де түсіртті, ақша нөмірлерін көрсете хаттама да толтырды.

– Бастық мырза! Бұл неге керек? Айттым ғой адал ақшам деп.

– Бұл бізге керек. Ертең сен ақша емес, фаль-шивка қайтарды деп шығуың мүмкін. Соны бол-дырмау үшін заң талабына сай құжаттап отыр-мын. Ие... мында қолыңда қой. Мына адамдардың көзіңше алдым ба, осы адамдардың көзіңше саған қайтарамын. Келістік пе?

– Пажалыста...

Абылай жалба шаштың ақша нөмірін есте сақтай алмай қалғанын түсінді, себебі, ол қайта бір қарамақ болып сыңай танытқанмен, бұл ыңғай бермеді. Бұдан соң қаңғыбастар бірден төртке бөліне камераларға кіріп жатты.

Оның есебі дұрыс болып шықты – қаңғыбастар өздерінің жақтастарымен топқа бөлініпті. Басқа камерадағылар тым-тырыс, бірі ұйқыға кетсе, бірі қалғып отыр, ал, манағы жалба шашы иығына түскенмен бір топтағылар арасында күңкіл әңгіме өрбіді.

– Менттер жаңағы ақшамызды қайтарар ма екен?

– Қайтарады. Қайтармаса прокурорға арыз жа-замыз. Тек ұрлық ақша болмаса...

– Әй, кодожник, ақша ұрлық емес пе? Ұрлық болса – біттің.

– Ұрлық емес болуы керек, портманьесінен шығарып берді ғой...

– Қазір көреміз. Осы кластасың неғып сені мүсір-кеп қалды? Бұрын оның бар екенін де білмейтінбіз. Осынында бір шікілік жоқ па?

Тыныштық орнады. Абылай мана қаңғыбастан ақшаны алысымен жедел іздестіру бөлімі жігіттері-не он мыңдық теңгелер тауып әкелуді тапсырған еді, қызмет үшін бөлінген қаржыдан алынғаны бар, өз қалталарынан шыққан бар жиырмасы жиналыпты. Бұл әдеттегі қисынға сүйене адамдар-дың қай кезде де көп сандардың соңғыларын жат-тап қалуға тырысатынына назар аудара отырып, қаңғыбастан шыққан ақша нөмірінің соңғы санда-рына ұқсас келетін бірін таңдап алды. Сонан соң ол ақшаны бүкіл қаңғыбастардың көзінше жалбыр шашқа табыстап, мұны да хаттамаға түсірді. Бір қызметкерді бас дәрігер орынбасарының саусақ таңбасын алу үшін емханаға жіберді, ол курьер ретінде емхана нөмірін шатастырған болады да, құжатты бас дәрігердің орынбасарына береді. Ол басқа емхана екенін айтып қайтып беретіні анық. Бұларға да керегі сол, қағазда оның саусақ іздері қалары анық. Жігіттер тез оралды, бәрі бұл ойлағандай болыпты, қалтадан шыққан ақша мен бас дәрігер орынбасарының саусақ ізі бар парақты сараптамаға жіберді. Осы кезде аудиоқұрылғыда дауыстар естіле бастады:

– Мына мент мужик екен, сөзінде тұрды.

– Айттым ғой ақша таза деп.

Бұл жалба шаштың дауысы.

– Ал, сен кодожниксің. Сонымен-ақ мол ақша таппайсың ба... айтпақшы сурет салатын құралда-рың қайда? Шамасы өтірік айтып жүрсің-ау.

– Оны өзіммен алып жүрмеймін ғой. Арғы бет-тегі ағайдың үйінде тұр. Заказ болса – сонда бара саламын.

– Жоқ. Ол шын айтып отыр. Бір рет оған еріп барғанмын. Шәкәрім 23 үй. Бұл өтірік айтпайтын жігіт...

Бұдан соң ол барлық қаңғыбасты босатты да, аталған мекенжайға сыртқы бақылау қойды. Бұл кезде медбике Бақтыгүл Мыңбаеваның шақы-

рылған уақыты да таяп қалған болатын. Аздан соң кабинетке кірген медбикенің өңі сынық еді, назары төмен кеткен. Мұны байқаған тергеуші тіке сұраққа көшті.

– Гүлмира Асановамен қызметтес болғаныңызға неше жыл?

– Үш жыл.

– Ол туралы не айтасыз?

– Білікті маман. Жақсы дәрігер.

– Оның Әмірхан Шерханұлы өміріне қауіп әке-летін рецепт жазуына не себеп?

– Доктордың олай жазуы мүмкін емес.

– Бәлкім, сол рецептің жазылуына сіздің қаты-сыңыз бар шығар?

– Құдай сақтасын... Мен ешқашан рецепт жазған емеспін, оған құқығыма да жоқ.

– Онда неге соңғы кезде Гүлмира Асановадан қашқақтап жүрсіз? Шамасы оның алдында айыпты сияқтысыз...

Медбикенің өңі қуарып кетті. Сәл үнсіз отырды да жылап жіберді. Абылай ұсынған стакан суды сіміріп салды да, бұған қарады. Жанары жасқа толы еді.

– Ол кісінің алдында айыптымын. Бірақ оның әлгі рецептіге қатысы жоқ. Біздің доктордың ізі-не көптен зам Садық Отарович түсіп жүр, әкесі Астанада депутат, соған сүйенеді ол. Сол кісі біздің доктордан қорқады, өйткені бұл өте білімді адам, сосын, ананың былық-шылығына көнбейді. Бірнеше рет оның қателігін коллектив алдына бетіне басқан болатын. Ал, анау сұрқия ғой... Бізде есепте тұратын жүрек-қан тамыры аурула-рына тегін дәрілер беріледі. Олар аптектерде өте қымбат. Соны біздің зам науқастар атынан үш рет маған алдырды. «Сұраған науқастарға әлі келмей тұр», – деп айтасың деді. Әйтпесе жұмыстан қуа-тын болды. Сосын амал жоқтықтан оның айтқанын жасадым. Ол сол дәрілердің барлығын таныс аптек басшыларына өткізіп, ақша жасап жүр. Осыдан кейін бетім күйіп, докторға қарай алмай жүрмін... Оның үстіне мына бір айып... Сұмдық. Олай болуы мүмкін де емес, біздің апай ондайға бармайды да. Тергеуші мырза, жаным азапқа түсіп, мазам қашып жүр. Көмектесіңізші...

Абылай тағы да ойға берілді. «Апыр-ау, мынау не болып кетті. Егер мынаның айтып отырғаны шын болса – ананың ашкөздігі сұмдық екен. Не де-ген тойымсыз ит еді. Жүрегі ауыратын науқастар екі дүниенің арасында жатпай ма, олардың дәрісін ұрлау дегенің... Бірақ, біздің іске қатысы жоқ сияқты. Имм... не істеу керек? Дегенмен, мұның жолын кеспесе де болмайды-ау».

Ол Бақтыгүл Мыңбаевадан оның өз кестесі ба-рын, енді екі күннен соң неврология бөлімінен дәрі алатынын білді де, қаскөйдің жолын кесу жоспа-рын жасап, тез іске кірісті. Оны қолма-қол қылмыс үстінде ұстамаса, бұларға дес бермей кететінін, биліктегі талай мықтының іске араласарын сезді.

Екі күнен соң Садық Отарұлы аптекаға дәрі өткізіп тұрған жерінен ұсталып, қамаққа алынды. Оның көлігі басқарма гаражына қойылды. Бұл жұма күні еді. Алдағы демалыс күндері оны іздеуші бола қоймас деп ойлаған Абылай өз болжамын тексеру мақсатында оның үйіне телефон соққан еді, әйелі: «Садық енді Дүйсенбіде келеді, жігіттер-мен охотаға кетті», – деп әңгімені шорт үзді.

...Күткен сараптамалар келе бастады. Марқұм-ның екі телефонына қатысты сараптама дауыстар-дың айқай, ұрыс, жанжал төңірегінде болғанын, кәсіпкердің де, малшыны да «Құртамын, жойып жіберемін», – дегендері шындық екенін көрсет-кен. Үлескерлерге қатысты Астанадағы жігіттер жүргізген іздестіру жұмыстары да олармен марқұм арасында жанжал барын, бірақ, олардың соңғы айда Астанадан аттап шықпағанын көрсеткен. Сол сияқты малшының да ауылдан шықпағаны белгілі болды.

«Бұл не болды? Бүкіл версия құрдымға кетіп бара ма?» Абылайдың дел-сал күйде диванға қисайғаны сол еді, есік қағылды. Курьер екен. Сот-медициналық сараптамасы рецептегі қол мен мөр Гүлмира Асанованыкі екенін көрсетіпті. Алай-да, рецептегі алты дәрінің үшеуінің, біріншісі мен соңғы екеуінің атын жазған қол Гүлмираныкі де, қалған үшеуі басқа адамдікі болып шыққан. Бір қызығы – бланкі түрлі-түсті принтерден шыға-рылыпты. Қаңғыбас қалтасынан шыққан ақшаға қатысты сараптама ондағы саусақ іздері Садық Отарұлы мен Орақ Есбергенге, яғни, қаңғыбасқа, тиесілі екені көрсетіліпті.

Ол ойын жинақтап үлгірмеді, телефон шыр ете қалды. Сыртқы бақылаудағы жігіттер екен. «Пол-ковник мырза! Сіз берген суреттегі адамға ұқсас адам Шәкәрім көшесіндегі 23-үйге кіріп барады. Не істейміз?» Абылай тез оперативтік топты бастап айтылған мекенжайға бет алды. Ол үйді тінтуге қатысты рұқсатты кеше алып қойған еді, сонысы онды болды. Орақтың ағасы оның келген кезде өздерін мазаламауы үшін бір бөлменің аулаға қараған терезесін есік қылып шығарып берген екен, олар оперативті топтың сол бөлмеге кіргенін байқамай да қалды. Із кесушілер Әмірхан Шер-ханұлының өліміне әкелген рецепттегі байланысты айғақтар тапты.

Орақ қамауға алынды да, тергеу күткен нәти-жені берді. Ол сараптама қорытындыларымен танысқан соң-ақ барлығын жайып салды.

– Садықпен кластасын... Біз оны саудагер деп атайтынбыз. Екінші-үшінші класта жүргенде-ақ үйінен бауырсақ, құрт және сондайлар әкеп бізге сататын. Өткенде кездойсоқ кездестік... Әлде, әдейі іздеп келді ме... Әйтпесе, бұрын төрт-бес рет тұсымнан танымаған адам болып өте шыққан. Оның үйі біздің территорияда, сосын ғой. Қойшы, сонымен ол келіп менен көмек сұрады. Дәрілер жазылған қағаз екен. Соның орта тұсындағы үше-уінің атауын өшіріп, басқа дәрілер жазу керек екен. «Жақсы төлеймін. Художниксің ғой, сенің қо-лыңнан келеді», – деді. Сосын мен оның айтқанын-дай жасадым. Сіздер менің баспанамнан алған, қазір маған көрсетіп отырған қағаздарыңыз – сол жұмыстың алғашқы қадамдары. Қашан қолың жаттыққанша, латын әріптерін жазып үйренгенше, оны алдыңғы жазумен сәйкестендіргенше біраз шимайлағанымын ғой... Ең соңғысы сәтті шықты да, соны рецептіге түсірдім, тура өзінкіндей болып ау-май қалды... Ана саудагер... Ақысын толық бермей қашып жүр...

...Қанша бұлтақтағанмен Садық сараптама қорытындыларымен, куәлар көрсетулерімен та-нысқан соң сұлқ түсті, енді шығып кетер жол қал-мағанын түсінді. Көңілдес жесір келіншекпен үш күн бірге болуды жоспарлап, үйіне «Дүйсенбіде келемін, жігіттермен охотаға кеттім»,– деп ескерт-кеніне күйінді. Енді мұны үш күн ешкім іздемесі анық. Сосын барлығын айтуда мәжбүр болды.

– Ойымда басқа арамдық болған жоқ. Тек ана қатыннан өш алғым келді. Қате рецепт бергені үшін жазалағым келді. Әмірхан Шерханұлы өліп қалады деп ойлаған да емеспін. Елге белгілі адам шу шығарса қатып кетер еді дегенмін.

– Оған берілген рецептті қалай қолға түсірдіңіз?
– Бір медсестраны жіберіп, «Қазір мұны тіркей-тін болғанбыз, үш күннен кейін келіңіз мына каби-нетке»,– деп айтқызып алдырдым да іске кірістім. Сол күні ана көкмиге бәрін жасаттым да, үйдегі цветной принтерден шығарып алдым. Үш күннен кейін келген ол он күндік ем көрсетілген басқа рецепті алып кетті.

Абылай жексенбі күні оперативтік топпен Са-дықты ерте барып, құжаттап, компьютер мен түр-лі-түсті принтерді тергеу мүддесі үшін алған еді, онда сақталғандар сараптамасыз-ақ қанқұйлы ре-цептің осы құрылғылардан шығарылғанын көрсет-ті. Онда сақталған материалдар көшірмесін алған тергеуші құрылғыларды сараптамаға жіберді. Сол күні-ақ қала гу ете қалды. Мұның телефонынан да маза кеткен соң, ол барлығын бастықтарға баяндап, қалтафонды өшіріп тастады да, Гүлмира Асанованы қамақтан босатты.

Бір аптадан соң құрылғыларға қатысты сарап-тама қорытындысы келіп, ол істі сотқа өткізді. Айыптылар жазасын алды.

Абылай терезеден далаға ойлана қарайды. Алғашқы қар... Иә, осы жылдың алғашқы қары лезде қаланы ақ көрпемен қымтай салды. Бәлкім, бұл да жаратушының жаман адамдар ізін жоймақ болғаны шығар... Бәлкім, мына аппақ әлеммен адамдарды тазалыққа, адалдыққа шақырғаны бо-лар. Әйтеуір, тынбай жауып тұр.

Алдажар ӘБІЛОВ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5990 дана
Апталық таралым 11980 дана

Тапсырыс №142 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігін байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.
Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.
Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпо-рация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31